Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆БӘРЕКЕЛДІ!



Бүгінгі таңда экология тақырыбы күн тәртібіне шықты. Оған әлемдегі және еліміздегі қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, қорлардың қосып жатқан үлесі де көп. Осы орайда істелген жұмыстарды жалпақ жұртқа жеткізіп жүрген тілші, блогерлердің үлесі де аз емес.

Әріптесіміз

«ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТ» АТАНДЫ

Фридрих Эберт атындағы қордың және Қазақстан-неміс университетінің қолдауымен «Қазақстан көміртегісіз болашақ жолында» атты республикалық эссе және журналистік жұмыстар байқауы ұйымдастырылды.

Байқауға өткен жылы қыркүйектің 1-нен желтоқсанның 20-сына дейінгі аралықта жарияланған, тұрмыста, шағын кәсіпорындардың жұмысында және үй шаруашылығы жағдайында жаңартылатын энергияны пайдалану, өндірісте энергия үнемдеу, ауыл және мал шаруашылығында метан шығарындыларын азайту, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, тағы да басқа тақырыптарды көтерген журналистік жұмыстар қабылданды. Оған еліміздің түкпірлерінен 60-тан аса материал түскен.

Сарапшылардың және әділқазылардың бағасы бойынша аталмыш байқауға қатысқан әріптесіміз Қажет Андас http://7-su.kz және https://ognialatau.kz сайттарында жарияланған экология тақырыбындағы мақалалары бойынша үздік журналист болып танылды. 23 желтоқсан күні Алматы қаласындағы Қазақстан-неміс университетінде өткен марапаттау шарасында әріптесіміз диплом мен сыйлықтар алып, мәртебесі өсіп қайтты. Дәл осындай марапат республикада 7 тілшіге табысталды.

Бұл біздің газеттің де жетістігі. Алдағы уақытта да оқырмандар қызыға оқитын ел мен жер келешегі үшін кемел ой түйген материалдар газет пен сайт парақшасынан түспейтін болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

◆БАЙҚАУ

Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Жетісу ғажайыптары» атты жас мамандардың алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны өтті. Сайыс педагогтардың мәртебесін арттыру, жас мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту, олардың қарым-қатынас кеңістігін кеңейтуді көздеді.

ЖАС МАМАНДАР САЙЫСЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА

Шараны орталық директоры Алуа Жанатайқызы ашып, бұл ойынның Жастар жылы аясында облысымызда алғаш ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.

– Әрбір жас туған жерін сүйіп, өз өлкесінің тарихын жете білуі керек. Осыған орай өткен жылы оқу бағдарламасына қосылған «Өлкетану» оқулығын негізге алып, алғырлар мен тапқырлар клубы ойынын өткізуді жөн көрдік. Әрі ол арқылы жас мамандардың бұл пәнге деген қызығушылығы мен білімін арттыруды, оқулықты қаншалықты деңгейде меңгергендігін білу мақсатын көздедік. Бұл шара шығармашыл мамандарды да анықтап, олардың ары қарайғы дамуына септігін тигізеді деген ойдамыз.

Әр жас маман өзімен бірге жаңа леп ала келеді. Бүгінгі ойынымыз да қызықты, тартысты өтеді деп сенеміз, – деді ол.

Сайысқа 18 команда қатысып, «Өлкетану. Алматы облысы» оқулығы негізінде туған өлкелерінің өзіндік ерекшелігін насихаттады. Шара алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны негізінде өткендіктен қатысушылар оқулықтың ерекшелігін, мектептегі түрлі қызықты жайттарды қатыстырып, әдемі әзіл-қалжың түрінде жеткізді. Осы орайда олар «Шежірелі туған өлкем» таныстырылымы, капитандар байқауы, «Өлке тынысы» шығармашылық кезеңдері бойынша сайысқа түсті.

Әр аудан-қаладан келген құрама командалар ойынына арнайы бекітілген әділқазылар алқасы әділ бағасын берді. Атап айтар болсақ, барлық сыннан сүрінбей өткен Көксу ауданы 1-орынды, Жамбыл, Қаратал аудандары 2-орынды, Сарқан, Талғар аудандары мен Текелі қаласы 3-орынды еншіледі. Ал, Қарасай ауданы «Ең бірлескен команда», Іле ауданы «Ең көңілді команда», Алакөл ауданы «Ең алғыр команда», Еңбекшіқазақ ауданы «Көрермен көзайымы» номинацияларын иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды.

◆ӘЛЕУМЕТ

2020 жылы Алматы облысында «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» салымшыларына 500 пәтер ұсынылады. Дәл осындай хабармен Қапшағай қаласында банк қызметкерлері брифинг өткізді.



ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

Мақпал МЫСА

Аталған баспана «Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінің» «Өз үйім» атты бағдарламасы аясында салынады. Жалпы, облыста 10 нысанды пайдалануға беру жоспарланған. Олардың ішінде 128 пәтерлі екі көпқабатты үй Қапшағай қаласында орналасқан. Бұл «DIFT GROUP» ЖШС-нің TENIZ TOWERS тұрғын үй кешені және жеке кәсіпкер Светлана Субалованың «BALSU LUX» тұрғын үй кешені. Бұл үйлердің құрылысы бүгінде қызу жүріп жатыр.

Шара аясында журналистер қаладағы салынып жатқан тұрғын үй нысандарын аралап көрді. Олар алдымен «Ивушка» ықшамауданы мен Степная көшесі, № 4 жер телімінде салынып жатқан 60 пәтерлі 5 қабатты үйдің құрылыс жұмыстарымен танысты. Бас мердігер болып табылатын «DIFT GROUP» ЖШС директоры Жамбыл Баятар құрылыс материалдарының сапасына, дыбыс өткізбес қабырғалары мен орналасу жерінің қолайлылығына мән беріп отырғандарын айтты.

– «Өз үйім» бағдарламасы «Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінің» салымшыларына жаңа ғимараттардан бірегей жағдайларда тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Пәтерлер нарықтық бағадан арзанға сатылады. Бағдарлама басқа жылжымайтын мүліктің болуына мүмкіндік береді. «Өз үйім» бағдарламасына қатысу үшін ең төменгі төлем тұрғын үй құнының 50 пайызын құрайды. Несие мөлшерлемесі жылдық 7% құрайды, содан кейін 5% дейін төмендейді. Мысалы, TENIZ TOWERS-тен пәтер сатып алған кезде несие бойынша ай сайынғы төлем орташа есеппен 58 333 теңгені құрайды, – деді Алматы облысы бойынша ТҰҚЖБ бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Дәурен Есембеков.

«Өз үйім» бағдарламасы бойынша пәтерлерді әскери қызметкерлерге «Әскери баспана» бағдарламасы аясында алуға болады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушыларға несиелеудің келесі кезеңі 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында басталады. Әскери қызметкерлер жеке баспанаға тұрғын үй жинақ жүйесіне қатысу арқылы ие бола алады. Оларға арналып төлем қабілеттілігін растау рәсімі жеңілдетілді. Тұрғын үй құнынан 15% минималды алдын ала төлем, несие мөлшерлемесі жылдық 8% құрайды. Несие ай сайынғы тұрғын үй төлемдері есебінен төленеді, әскери қызметкерлер кірістерінің көп бөлігін қарызды төлеуге жұмсамайтынын айтты.

«Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінде» депозит ашқаннан кейін салымшылар жеңілдетілген шарттармен несие алу мүмкіндігіне ие болып қана қоймай алғашқы жарнаны төлей алады. Бұған мемлекет пен банктің өзі жыл сайын 2% мөлшерлеме салым салу арқылы көмектеседі. Ол жыл сайын салымшылардың шоттарына 20% сыйлықақы төленеді. Бұл бонус 200 АЕК немесе 505 000 теңгеден аспайтын мөлшерде болмақ. Мәселен, жыл соңына дейін 505.000 теңге шотыңызға салсаңыз, 101.000 теңге сыйлықақы түседі. Осы орайда «Отбасылық пакет» өте тиімді. Отбасының әр мүшесіне 2 млн. теңгені төрт бөліп шотқа салса, 404.000 теңгеге қаражаты ұлғаймақ. Сондықтан, 2019 жылдың қорытындылары бойынша ТҰҚЖБ клиенттері үшін сыйлықақының максималды мөлшерін алу үшін 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін депозитті толтырып үлгеру қажет.

Осындай мағлұматтарды алған қала тұрғындары алғашқы жарна, жеңілдетілген несие, шоттарына төленетін сыйлықақы мөлшері жайлы ақпараттармен толықтай танысты.

Қапшағай қаласы

◆СҰХБАТ

Биыл — Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 25 жыл. Осынау ширек ғасыр аралығында халық қалаулылары елдің мұң-мұқтажын тыңдап, әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысты. Мерейтойға орай Қаратал аудандық мәслихат хатшысы Бақыт СМАИЛОВҚА жолығып, тілдескен едік.



ШИРЕК ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ

— Бақыт Жексембіұлы, мерекелеріңіз құтты болсын! Осы жылдар ішінде біраз түйткілді мәселе өз шешімін тапты деуге толық негіз бар. Өткенге көз жүгіртіп, қарбаласқа толы жылдарды ой елегінен бір өткізсеңіз.

– Құттықтауыңызға рахмет! Жергілікті өкілді органдар қызметінің тиімділігін арттыру қазіргі жағдайда маңызы зор міндет болып отыр. Өйткені мәслихаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес халықтың еркін білдіретін, өңірлерді әлеуметтік-экономикалық реттеудің елеулі өкілеттіктеріне ие бірден-бір құрылым. ҚР жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің даму тарихы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың әрдайым ортақ міндетті шешіп келуінің өзі үлкен жетістік дер едім. Мысалы, егемендік алған жылдары мәслихат қызметкерлері жергілікті экономиканың күрт құлдырауымен және жаппай жұмыссыздыққа байланысты мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Қазір заман түзелген кезде де бюджет қаражатының тиімді пайдалануы, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру, қоғамдық кеңестердің жұмысын қамтамасыз ету сынды экономиканың және азаматтық қоғамның дамуымен байланысты мәселелерді шешуге ден қоямыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халықтың көтерген мәселелері тұрмыстық жағдайдың төңірегінде болса, қазір жалпы жұртшылыққа ортақ ауызсу, мектеп, жол секілді маңыздылығы жоғары мәселелер жиі көтеріледі. Естеріңізде болса, тоқсаныншы жылдары халық «жұмыс керек, еңбекақымыз көбейсе, баспана қажет» деген пікірлерді жиі айтса, қазір жұрт жеке басынан гөрі мектеп салу, білім ордаларын, Мәдениет үйлерін күделі жөндеуден өткізу секілді мәселелерді көтереді. Бұдан біз халықтың әл-ауқаты көтеріліп, инфрақұрылымның дамуына назар аудара бастағанын байқаймыз. Осынау жұмыстарға мәслихат депутаттары өз үлестерін қосып, халықтың зор сеніміне ие болып отыр.

— Әрине, мәслихат қызметкерлерінің мойнына артылар жауапкершілік жүгі қашанда ауыр. Қазіргі таңдағы депутаттық құрам жайында айтсаңыз.

– Қазіргі уақытта жергілікті өкілетті органдардың алтыншы шақырылымы белсенді жұмыс үстінде. Бірінші шақырылымда 21 депутаттан құрылған Қаратал аудандық мәслихатында бүгінгі күні 13 депутат белсенді қызмет атқаруда. Олардың он екісі «Нұр Отан» партиясының мүшесі болса, бір депутат «Ауыл» партиясының мүшесі. Өткен 25 жыл ішінде мәслихатқа өндіріс, ауылшаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларының таңдаулы өкілдері депутат болып сайланып келеді. Олар өздерін халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін іске асыра алатын абыройлы халық қалаулысы ретінде көрсете білді. Халыққа жасаған еңбегім еш кеткен жоқ. Аудандық мәслихаттың екі шақырылымының мәслихат хатшысы, «Құрмет» орденінің, Құрметті профессор атағының иегері, Қаратал ауданының Құрметті азаматы атандым. Мен ғана емес, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан көрейлері қауымдастығының Талдықорған филиалының төрағасы Владимир Ли, үшінші шақырылымнан аудандық мәслихат депутаты, ал бүгінде Алматы облыстық мәслихатының депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Базархан Байтаев сынды азаматтар лайықты марапатқа ие болып отыр. Сонымен қатар, бірінші шақырылымның депутаттары К. Жазықбаев, Г. Қосжанова, Н. Пак, Р. Өтегенов, екінші шақырылымның мәслихат хатшысы қызметін белсенділікпен атқарған тіл жанашыры Ж. Тебериков, сол шақырылым депутаттары Қ. Рымжанов, Ж. Саржанова, В. Спиридонова, Б. Жиенбаев, үшінші шақырылымның депутаттары Қ. Әміренов, М. Жебегенов, Р. Тәпенов, А. Шмелева, төртінші шақырылым депутаттары Л. Котова, А. Пұсырманов сынды азаматтар өз кәсіптерімен қоса депутаттық мандаттарын да абыроймен атқарды. Ерекше айта кетерлігі, төртінші шақырылымда халықтың сенімінен шығып, бесінші шақырылымға қайта сайланған С. Дәркенбаева, Ұ. Досмолданова, М. Тілеубай, Ю. Мальгин И. Молжігітов сынды халық қалаулыларының атын ерекше атауға болады. Ең алғаш құрылған мәслихаттың тізгінін ұстап, бірінші шақырылымның мәслихат хатшысы, ал екінші және үшінші шақырылымдарда мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болған Болат Байтілеуов пен үшінші және төртінші шақырылымдардың мәслихат хатшысы болған, Алматы облысы мен Қаратал ауданының Құрметті азаматы Мақсат Рақымбаевтың есімдерін мәслихатпен тығыз байланыстыруға болады. Үлкен құрметке ие болып, депутаттық мандатын абыроймен атқара білген, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып, қоғамдық өмірге белсене атсалысқан, өмірден озған Рысбек Жұмашев, Тайтілеу Сәрсембекова, Асылбек Пұсырманов, Афанасий Эм, Қайрат Рысқұлов, Юрий Мальгин, Исатай Молжігітов сынды азаматтар да халық сенімінен шыға білген еді. Кейінгі жылдары депутаттар корпусы білікті мекеме басшылары мен білімді жастар Біржан Құмаров, Әміржан Андасбаев, Алтай Смаилов, Асқар Пұсырманов, Жандос Теңелбаев, Гүлшәкира Құйқалақова, Саят Төлеубеков есебінен толысты.

— Қоғамдық кеңестің құрамын депутаттар бекітеді. Осы бағытта қандай шаралар атқарылды?

– Елбасы Н. Назарбаевтың «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 99-қадамында атап көрсетілген, «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңда айқындалған міндетті жүзеге асыру мақсатында аудандық Қоғамдық кеңес құрылды. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестік өкілдері және жекелеген адамдардың өзін-өзі ұсынуы арқылы қалыптастырылатын кеңестің құрамын мәслихат сессиясында депутаттар ашық дауыс беру жолымен 3 жылдық мерзімге бекітеді. Қоғамдық кеңес мүшелері өз міндеттерін мінсіз атқарды. Олар аудандағы көптеген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің оң шешімін табуына, атқарушы билік пен әлеумет арасындағы келісім мен түсінушілікті жандандыра түсу тәрізді түйткілдерді тарқатуға себепкер болды. Бұл құрылым аз уақытта жергілікті өзін-өзі басқару тәртібінің бір саласы есебінде азаматтық ақылдасу алаңына айналып үлгерді. Құрамына тек депутаттар кіретін тұрақты комиссиялар мәслихаттар жұмысының тағы да бір маңызды тармағы саналады. Күн тәртібіндегі барлық маңызды мәселелер алдын ала осы комиссиялардың қарауына ұсынылып, жанжақты қызу талқылаудан өтеді. Осы арқылы шағын және орта бизнес саласын дамытуды жолға қою, заң шеңберінде оларды қаржыландыру, ауылшаруашылығы кооперативтерін дамыту мәселелерін назарда ұстайды. Сондай-ақ, тұрғындар денсаулығын сақтау, білім және мәдениет салаларының қолжетімділігі мен олардың заманауи талаптарға сәйкестігіне аса мән береді. Депутаттық корпус жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық және рухани өсу жолындағы бағдарламаларын жүзеге асыруға және бұл мақсатқа жұмсалатын қаржының мақсатты игерілуін қадағалап отырады.

— Сіз үшін мәслихаттың 25 жылдығы несімен ерекше? Осы жылдар ішінде тәжірибе жинақталып, мәслихат маңызы зор үлкен саяси күшке айналғанын білеміз. Мерекеге орай әріптестеріңізге айтар тілегіңіз.

– Иә, мәслихаттардың 25 жылдығы – өткен істерге марқайып, жинаған іс-тәжірибені бағамдай ой қорытып, есеп беретін кезең ғана емес, бұл – алға ауқымды жоспарлар жасап, әлеуметтік дамудың болашақ бағыт-бағдарларын айқындайтын жауапты уақыт. 25 жылдың ішінде құрамында әртүрлі салада еңбек ететін халық қалаулылары бар аудандық, облыстық мәслихат өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірінде маңызды істердің жүзеге асуына зор үлесін қосты. Сессия отырыстарында маңызды шешімдер қабылданып, ол өңірдің әлеуметтік жағдайын түзеуге ықпал етті. Елдің ілгері дамуы үшін еңбек ететін органның назарынан қоғамдағы өткір мәселелер, жұрттың мұң-мұқтажы ешуақытта тыс қалған емес. Депутаттар Елбасы алға қойған саяси-әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға сүбелі үлес қоса береді. Аудандық мәслихаттың барлық шақырылым депутаттарын барлық деңгейдегі мәслихаттардың 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Халық пен билік арасындағы алтын көпір болып отырған әріптестеріме зор денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт тілеймін. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз түзу болып, тәуелсіз еліміздің абыройы арта берсін!

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Асхат ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ САЛЫМШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ.

ЖИНАҚ ҚҰНСЫЗДАНБАЙДЫ

«Nur Otan» партиясының өңірлік филиалдарында өткен шараға мемлекеттік, мемлекеттік емес органдардың, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсететін қоғамдық бірлестіктер, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының өкілдері қатысты.

Шара барысында «БЖЗҚ» АҚ мамандары келушілерге зейнетақыны жоспарлаудың жолдарын түсіндіріп, мобильді қосымшаның мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берді. Зейнетақы калькуляторы келушілер арасында ерекше сұранысқа ие болғаны соншалық, көпшілік қосымшаны ұялы телефондарына жүктеп, қызметін пайдаланып көрді.

«Жинақтар құнсыздануы мүмкін» деген теріс пікір көпшілікті алаңдатқанын осы шара барысында білдік. Қор қызметкерлері мұндай жағдай орын алуы мүмкін емес екендігін түсіндірді. Мұнда әрбір салымшының атына жеке зейнетақы шоты ашылып, оған зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түсіп отыратындығы айтылды. Жинақ ақша әрбір салымшының меншігі екенін тілге тиек еткен қызметкерлер елдегі зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей модель жұмыс істейтінін жеткізді. Соған сәйкес мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың міндетті түрлерінің нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік беретіндігі сөз етілді.

Аталмыш шара еліміз бойынша жоғары деңгейде өтті. Қатысуға ниет білдірушілер көп болды және олар жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен Қор қызметіне ерекше қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Ашық есік күні соңында барлық қатысушыға арнайы бағалау сауалнамасын толтыру ұсынылды. Сауалнамада келтірілген пікірлер мен ұсыныстардың барлығы жақын уақытта ескерілетін болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

КӨКТЕМ СЕНІ ЖАРАТҚАНДАЙ АҚ ГҮЛ ҒЫП,



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

◆ШЕРТПЕ-СЫР

ЖЫЛЫЛЫҚ пен ҰЛЫЛЫҚ

АНА – ТІРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ. КҮЛЛІ ӘЛЕМ БАС ИЕТІН БІР-АҚ БЕЙНЕ БАР. ОЛ – АНА! ОҒАН ЕШКІМ ТЕҢ КЕЛМЕЙДІ. ТЕҢ КЕЛЕР ЖАН ӘЛЕМДЕ ЖОҚ.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Ананың құдіретін есі бар адам түгілі, көзін әлі ашып та үлгермеген жаңа туған шарана да емшек сүтінің иісімен біледі. Ал ана болса, құрсағына бала біткен сәттен бастап кіршіксіз таза махаббатын арнайды. Тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібітіп, ауыр мехнат тартып, дүниеге алып келген шаранасын ең алғаш бауырына басу АНА үшін ең бақытты да мерейлі сәт. Тоғыз ай, тоғыз күн жүрегінің астында көтерген, түн ұйқысын төрт бөліп, бесік тербеткен, қыстың аязына тоңып, жаздың аптап ыстығына күйіп, ұлын ержеткізген, қызын бойжеткізген аяулы жанға бәріміз мәңгі қарыздармыз.

Адам адам болғысы келсе, алдымен АНАНЫ сыйлай білуі керек. Өмірде ана алақанының қызуы мен мейірімін ештеңемен алмастыра алмаймыз. Аялы алақанымен маңдайымыздан сипағанда, жып-жылы бауырына құшқанда, бар мейірімін төгіп еркелеткенде, өмірде сенен артық бақытты жан болмайтыны анық.

Адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен АНАДАН тарайды. Ананың ақ сүтін емірене ішіп, ақылын санасына құйған, бірауыз сөзін жерге тастамаған адамның жаман болуға ешқақы жоқ. Перзентіне жарық дүние сыйлаған ана махаббатын ақ жаулығының ұшына түйіп, жүрегіне мәңгі сақтап жүруінің өзі үлкен ерлік.

Күндіз-түні Жаратқаннан перзентінің амандығын тілеп, көз ілмей таң атырған күндерінің қарызын ешқашан да өтей алмаспыз, сірә!

Бала құласа, ананың жүрегі жылайды. Осыдан-ақ, ана жүрегінің қаншалықты дарқан екендігін білуге болады. Ал біздер көп жағдайда анамыздың жанында жүріп, қадіріне жете бермейтініміз өкіндіреді. Қасында болсақ, тіпті, тепсіне тіл қатып, сілкініп сөйлейміз, зірқілдеп жауап беруіміз мүмкін. Түйеден түскендей ауыр сөздің салмағы жанына батып тұрса да, ана жүрегі еш ренжімейді. Көңіліне алмайды. Өйткені, ол АНА ғой.

Осы орайда, Міржақып Дулатұлының «Бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам, бұл – АНА» деген сөзі еріксіз ойға орала кетеді. Ана үшін перзентінің амандығы мен адам болып өсуі ең үлкен марапаттың марапаты емес пе?! Баласының титтей де болсын қуанышына шын жүректен қуанып, ақ батасын арнайтын да АНА. Қандайда бір биікке көтерілсек, өмірде олжалы болсақ, бәрі-бәрі ананың арқасы екенін ұмытпағанымыз жөн.

«Анасы бар адамдар ешқашан да қартаймайды». Расымен де, анасы бар адамдар өздерін әлі де сәбидей, сәби болмаса да, қорғаны бар, ұясы бар қанатсыз балапандай, жұлдызымен әдемі аспандай, жапырағымен жайқалған бәйтеректей, самал желі бар көктемдей, жайнаған гүлі бар жаздай, жаңбыры бар күздей, қары қыстай, қысқасы, төрт құбыласы тең адамдай сезінеді. Тіршілігімізге нәр берген, бойымызға қуат берген, өмірімізді сәнге бөлеген, жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылықты ұялатқан тіршіліктің сәні анаға мәңгі ҚАРЫЗДАРМЫЗ!

◆ЖӘДІГЕР

ӘНШІ РЕДАКТОР

Ілгеріде «Қазақ пен қазан» кітабын шығарғанда «Қазақтың алғашқы журналист қыздары» деген тақырыпты да қамтып едік. Жақында мектепте сабақ беретін бір ініміз хабарласып, 10-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығына сол тақырыптың енгені туралы айтып, бір қуантты. Сол алғашқы қарлығаштардың ішіндегі ерекше тұлға Сара ЕСОВА болатын.



Сара Сәтбайқызы 1903 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы балықшы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастады. 1919 жылы Орынбордағы әйелдер педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін Қызылорда, Тәшкенде шәкірт тәрбиеледі. Революциядан кейін идеологиялық қызметке ауысты. Оның қызмет жолы билік басына Кеңес өкіметі келіп, жаңа заманның құрылысы қайнап жатқан уақытпен тұспа-тұс келді. Ауыл-ауылды аралап, жұртшылықты сауаттандыру, әйелдерге құқықтарын түсіндіру, интернат, ашу, мәдени кештер, сенбіліктер ұйымдастыру, осындай жауапты жұмыстарды қаршадай Сараның атқаруына тура келді.

1920 жылдан бастап, Сара Ғани Мұратбаевпен бірге Түркістан комсомолы орталық комитетінің жұмысын жүргізді. Өзінің замандастары Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева секілді оқыған қазақ қыздарымен бірлесіп, қыз-келіншектер қозғалысына жан бітірді. Соның арқасында тағдыры талауға түскен мыңдаған қазақтың қыз-келіншектері басына бостандық алды, оқу-білімге, өнер-ғылым үйренуге қам жасады.

Сара Сәтбайқызының журналистік қыры да бір төбе. 1922 жылдан бастап Жетісуға қоныс ауда-рып, «Тілші» (қазіргі «Жетісу») газетін шығарғандардың (жауапты хатшы, редактор) бірі болды. Ол кісінің газетте көтерген тақырыптарының басым бөлігі әйел теңдігі, қыз-келіншектердің тағдыры болатын. Осы бағытта Қазақстан өлкелік партия комитетінің әйелдер бөлімінде нұсқаушы бола жүріп, 1925-1932 жылдары «Әйел теңдігі» журналын (кейінгі «Қазақстан әйелдері») шығарды.

Сара оқу-ағарту саласына да серпін берді. Халық ағарту комиссариаты жанындағы саяси ағарту басқармасы бастығының орынбасары, Халық ағарту қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ комитетінің төрайымы, ҚазПИ- жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Сталиндік репрессия басталған жылдары Сара да сотты болды. Жұбайы Ораз Исаевпен бірге қамауға алынып, тоғыз айдай темір торда отырды. Кейін Надежда Крупскаяның араағайын болуымен абақтыдан босады. Ал жан жары Ораз Исаев ату жазасына кесілді.

Қанкүйлы 30-шы жылдардың соңынан бастап Сара Есова кейінгі өмірін музей ісіне арнады. Алматыдағы Орталық музейдің қарапайым қызметкерінен музей директорына дейін көтерілді. Сол жерден зейнетке шығып, 1984 жылы дүние салды.

Жақында Ресейдегі Ұлттық музыка музейінің электронды қорын ақтарып отырып, Сара Есованың екі грампластинкасы сақталғанын байқадық. Қазақ әндерін жинақтаған Александр Затаевич Саранық орындауындағы бірнеше әнді жаздырып алыпты. Соның бірі – «Дударай» (домбырада сүйемелдеген Жүсіпбек Елебеков) мен «Сұрша қыз». 1935 жылы дайындалған дүниелер көзге оттай басылды.

Сара апамыздың әншілік қыры барын бұрыннан білуші едік. Бірақ дауысы сақталғаны олжа болды.

Сара Есова өзі ән салып қана қоймай, әншілерді, өнер адамдарын үнемі қолдап-қуаттап отырды. Әсіресе, Әміре Қашаубаевтың өнерін жоғары бағалады. Әміренің бейітін тауып, басына белгі қойғандардың бірі осы Сара екені айтылып жүр. Сұлу да сырбаз Сара туралы ел арасында жылы әңгімелер көп. С. Есованың шешендігіне Бауыржан Момышұлы жоғары баға берсе, Сәкен Сейфуллин жыр арнаған.

Өкінішке қарай, Сара апамыздың жиған-тергені, жазып қалдырған мол мұрасы әлі толық жинақтала қоймады. Алдағы 2023 жылы Сара Есованың 100 жылдық мерейтойы келе жатыр. Сол кезде ескеру керек шығар, бәлкім?!

Серікбол ХАСАН

◆ӘН ҚАНАТЫНДА

БҰЛБҰЛ

Үлкен сахна төрінде композитор Жоламан Тұрсынбаевтың әйгілі «Қыз Қарағай» әні орындалып жатыр. Жұрттың назары әні мен сәні жарасқан бұлбұл әншіге ғана ауған. Баяулап басталған ән бірте-бірте шырқай көтерілген тұста әнге елітіп отырған көрермен дүркірете қол соқты. Алдарында шын мәнінде КСРО және Қазақстанның Халық әртісі Бибігүл Төлегенованың өзі тұрғандай. Жүректерін сырлы да нұрлы ән баураған халық әншіні оңайлықпен жібере қойған жоқ. Бұдан кейін «Гауһартас», Л. Хамидидің «Бұлбұлы», Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі» кезек-кезек шырқалып, ел ішіндегі қарапайым әншінің биік өнеріне лайықты бағаларын беріп жатты.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Біз сөз етіп отырған әнші – Гүлшат Базарбекова Райымбек ауданындағы Қайнар деп аталатын қастерлі ауылда тұрады. Қарапайым ұстаз. Ең негізі, халқымыздың аялап ұстар әншілік өнерін де серік еткен жан. Аспантаулар өлкесінің мерейлі қуаныштарында, іргелі тойларында «Гәккудей» әнімен, аққудай сәнімен, Жібектей келбетімен жұрт назарын аудара, сахна төрін нұрландырып жатады. Өнір тұрғындарының бәрі Гүлшатты жақсы таниды. Ешкімге жалын ұстата бермес дара өнерін орнымен бағалайды. Ұлтымыздың әншілік өнерін жоғары қоятын халқымыз Гүлшаттың әніне ғашық, үніне ықылас-пейілді. Сондай бір жайдары шақтарда алыстан ат арылтып келіп, үлкен қуанышқа ортақтасып жатқан қадірменді қонақтар қазақтың бұлбұлы атанған Бибігүлден аумайтын Гүлшаттай әншінің хас өнеріне тәнті болып жатады. Бұл – әннің құдіреті, әншілік өнердің шапағаты.

Гүлшат – Жамбыл ауданының тумасы. Асқар таудай әкесі Оспан мен сүйікті анасы Мейрамхан қарапайым малшы болған. Құлдыраңдаған балалық шағы киелі топырақта өтті. Интернаттың дәмін татты. Кейін ата-анасы Райымбек ауданындағы Қызылшегара ауылына қоныс аударған. Кішкентай кезінен ән айтуға ықыласты болды. Мектептегі тәрбие сағаттарында балғын дауысымен ән айтатын. Е. Хасанғалиевтің «Мұңайма» атты әнін айтатыны ойында қалыпты. Содан болар әнші болуды армандады. Жүрегі асқақ арманына толы қызға ауыл клубында қойылған «Гауһартас» атты кино үлкен әсер еткен. Сүмбе ауылындағы Абай атындағы орта мектептің 10-сыныбын бітіргеннен кейін бір жылдан соң «Жас таланттарды іздейміз» атты байқау болады.

Байқау туралы естіген Гүлшаттың мазасы болмады. Қайткен күнде де сол байқауға қатысуды жанымен қалады. Бұл іргелі шара Алматы қаласындағы Абай атындағы опера және балет театрының жанына құрылған ән-хор студиясында өтті. Өндірдей жастармен бірге Гүлшат та өнерін ортаға салды. Алғаш рет үлкен додаға түсуі ғой. Ақша жүзі албырай, толқи, тебірене әндерін орындады. Байқаудың қорытындысымен жүрегі ән деп соққан, көңілі ән деп алып-ұшқан бойжеткен аталған студиядағы Бибігүл Төлегенованың класына қабылданды. Сол сәттегі қуанышы тілмен айтып жеткізгісіз еді. Балғын көңілі асқар Алатаудан асқақ Хантәңіріні шарлап кеткен. Ұлтымыздың мақтанышы, халқымыздың біртуар, атақты әрі сүйікті әншісі Бибігүл Төлегенованың класында 2 жыл оқыды. Әйгілі әншінің жүрекке жылы тиіп, құлаққа майдай жағатын жылы да жайдары үнін естіп, қолынан дәрісін алды. Студияны бітіргеннен кейін Қызылшегара орта мектебінде ән-музыка пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады.

Дегенмен, көкейінде әнші болсам деген бір ғана арманы бар қыз қарап жатпады. Алматы қаласындағы қазіргі Т. Жүргенов атындағы өнер академиясына құжаттарын өткізді. Жұмыс іздеп композитор Нұрғиса Тілендиевтің басшылығындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне барды. Әйгілі композитордың сүйемелдеуімен «Гауһартасты» орындағанын ешқашан ұмытқан емес. Таланттарды тап басып танитын ұлы композитор Бибігүлдің тәлімін алған, әншілік өнерге талабы таудай қызды бір айдан кейін жұмысқа кел деп әкелік қамқорлығын көрсетті.

Көп ұзамай Қайнардай қасиетті ауылға келін болып түсіп, отау көтерген Гүлшат асқақ армандарынан көз жазып қалды. Дегенмен, өткен өміріне өкінбейді. 1984 жылдан Қайнар орта мектебінде ән-музыка пәнінен дәріс берді. Еңбектен қол үзбей жүріп Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірді. Аталған білім ордасында балаларға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп келе жатқанына 35 жыл болды.

Біздің кейіпкеріміз өз ісінің білгірі, майталманы. ҚР Білім беру саласының үздігі, екі дүркін Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Жылдың үздік мұғалімі атанған. Облыстық үздік педагогтары байқауында 2-орынды иеленген. Талантты жас ақын Мақпал Мысадай шәкірті бар. Жаңыл Ермұхатова, Жансая Сабаншиева, Маржан Базарқұлова, Бекбол Көшкінов, Ақнұр Алтай, Айғаныш Меліс секілді шәкірттері Мақпалдың жолын жалғап, Қарасаз ауылында өтетін республикалық Мұқағали оқулары байқауында жұлдыздарын жарқыратты.

Кейіпкеріміз жай ұстаз әрі әнші емес. Қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздарының шығармашылығынан орын алған жан. Бір жылдары Нарынқол өңіріне әйгілі Ғафу Қайырбеков, Бек Тоғысбаев, Аманжол Шамкенов қонаққа келген екен. Сонда құрметті қонақтардың алдында Гүлшат халық әні «Гауһартасты» орындаған. Кейін Ғ. Қайырбеков сол кездегі «Ленинші жас» газетіне «Нарынқол – Байынқол» атты поэмасын жариялады. Ел мен жер туралы сол туындыда Гүлшаттың аты, жүрекке ұялаған әні орын алып қалды.

Аялар сол әуеннің нұр-шапағы,
Тамылжып Тәңіртаудың
тұрса таңы.
Жарықты жанымдағы
жарқыратқан,
Қалыпты құлағымда Гүлшат әні, –

дейді белгілі ақын шын көңілімен. Мұның бәрі өткен күндерінің ұмытылмас сәттері.

Шәкірттерінің қымбатты ұстазына, Аспантаулар өлкесінің, жерлестерінің мақтанышына айналған Гүлшат жұбайы Алтаймен 3 қыз, 1 ұлын дүниеге әкелген, тәрбиелеген, қанаттандырған асыл ана. Келін түсіріп, немересін сүйген ардақты әже.

Бақыт деген осы. Өмірдің шаттығы деген осы. Ұстаздық ісіңмен, жүректі тербетіп, көңілді өрлеткен әсем де шуақты әндеріңмен жүре бер, Гүлшат!

Райымбек ауданы



Гүлшат ұстазы Бибігүл Төлегеновамен бірге

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Көктемде екен ғой бүкіл әлем жұмбағы...



Жәдігер сақтаушысы

Әуесхан Мажай осыдан жетпіс жыл бұрын көктемде Қытайда туған. Осы елдегі Іле облыстық медицина мектебін бітіріп, дәрігер атанады. Өкінішке қарай, келін болып түскен әулет тап жауы, байшонжар, жер иесі, ұлтшыл деген жаламен бақылауда болғандықтан, мамандығы бойынша қызмет істей алмай, түрлі шаруалармен айналысқан. Өмірлік қосағы Андас Омарақынның қаламгерлік, зерттеушілікпен шұғылдануына жағдай жасап, балаларын заман талабына сай оқытып, тәрбиелейді. Соның арқасы болар, отбасындағы балалардың бесеуі де ғылым магистрі атанып, қызмет етуде. Әуесхан апаның ұрпақ тәрбиесіндегі үлгісі ҚХР-да шығатын «Шинжияң» және «Іле» газеттерінде, «Шинжияң оқу-ағарту» журналында жазылып, «Мемлекеттік ұрпақ тәрбиелеудің үлгісі» деген марапатқа ие болған.

Болат АБАҒАН

Әуесхан Мажайқызы кәсіпкерлікке жол ашылғанда тары, талқан, жент, жарма, сүзбе, қатық, тары көже, боза сияқты ұлттық тағамдарды алғашқылардың бірі болып саудаға шығарып, халықтың қолдауын иеленеді. 1999 жылы ұйымдастырылған ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесінде тері ауруларына ем болатын қазақтың қара сабынынан шеберлік сабақ өткізеді және оны алғаш рет сауда сөресіне шығарғаны үшін «Ұлттық өнімді сақтаған бірінші дәрежелі шебер» деген марапатқа ие болған.

Әуесхан апаның әкесі Мажай да, арғы аталары да он саусағынан өнер тамған қолөнерші, жыршы-термеші, күйші болыпты. Мажай ақсақал өз кезінде жолбарыс, ілбісін, қасқыр, бұғы, елік, қоян, тағы да басқа дала аңдарын қолда үйретіп, ағаларымен бірге өрмешілік, дәрігерлік, аңшылық кәсіппен айналысқан. Отбасында көрген тәрбиесін келін болып түскеннен кейін де жалғастырған апа қиын жылдары сол әулеттен атадан балаға мұра болып келе жатқан жәдігерлерді жанын салып жүріп сақтап, бүгінге жеткізді. Олардың біразын Тұңғыш Президент – Елбасының «Атамекен» мәдени орталығына, С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына сыйлады.

Ата-бабадан жеткен мұралардың ішінде осыдан үш жүз жыл бұрын тұтынған тұрмыстық бұйымдар бастаған небір жәдігерлер бар. Көненің көзі болған қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған шикілерден, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдардың түр-түрін табасың. Тарихи маңызы зор Қызай қалпақ, Солтангелді бидің күмістелген ер тоқымы, Ұлтарақ батырдың кісесі, Жансарбай емшінің емдеу құралдары, Омарақын зәңгінің белбеуі, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын жақсы сақталған. Ал ер-тоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдерінің өзі бір төбе. Барлығы шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екені бірден байқалады. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр, сияқты аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікке қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгітетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналған лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны хал-қадіріншe өркендеткенін аңдатады.

Әуесхан Мажайқызы ата-баба мұрасын сақтаумен қоса, он саусағынан өнер тамған ісмер. Өзі тіккен түскиіз, жүк жапқыш, құрақ көрпе, қапшық дорба, қасқыр тұмақ, тақия, тағы да басқа тұрмыстық бұйымдар, сан түрлі қыз жасауы, тоқымалар, қолмен басқан киіз сырмақ, алаша, бүгінге дейін жеткізген қазақтың қара сабынын жасау әдісі де елді қатты қызықтырады.

Алматы облысы



Аманбала апаның 110-шы көктемі

Әйел – қашанда сұлулықтың символы, әдемілiктің айнымас болмысы. Олар тек нәзiктiктің, шексіз махаббаттың, мейірімділіктің үлгісі болып қала береді. Ал ғасыр жасаған аналардың болмысы бір бөлек. Қос ғасырдың куәсі болған кейуананың өмір жолы да өзгеше. Тағдыры тауқымет пен тақыретке толы. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қамқалы ауылдық округіндегі Жайлаукөл ауылының тұрғыны Аманбала Аманжолова биыл 110-шы көктемін қарсы алды. Ғасыр асып жасаған анамыз небір қилы кезеңдерді бастан өткеріп, бүгінде ұрпағының қызығын қызықтап отыр.

Саятхан САТЫЛҒАН

Аманбала апа 1910 жылы Сарыарка даласында дүниеге келген.1926 жылы Балтабай Аманжолов атамызбен жұбын жарастырып, 1928 жылы Сарысу ауданы құрылған тұста елді мекенге көшіп келеді. Ілгерібас колхозында соқа айдап, бидай орып, шөп шауып еңбек етеді. Сондай-ақ сақпан, қой қырқу жұмысына да араласады. Жастайынан еңбекте шыңдалған ана мандай терін осы колхозға сіңіріп, зейнетке шығады. Бес құрсақ көтерген әжей ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Бүгінде 17 немере, 34 шөбере сүйіп отыр.

– Өмір жолымда не көрмедім – 1928 жылғы дүние-мүлікті тәркілеу. 1932 жылғы ашаршылық. Құғын-сүргін.1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс, бәрі-бәрін көрдік. Мал-мүлікті тәркілеу кезінде есім кіріп қалған. Ол заман өте қиын болды. Одан кейінгі ашаршылық науқаны мені шекара асырып, Өзбекстаннан бір-ақ шығарды. Ал 1941 жылы еркек кіндіктілер майданға аттанып жатқанда, ауылдағы бала-шағаның бейнеті соғыстан кем болмады. Соғыс жылдары тас тасып, «Ынталы» су қоймасын тұрғыздық. Сондай-ақ егін егіп, бар жиған-тергенімізді майданға жөнелттік. Қазір Аллаға шүкір, бейбіт күн. Жаратқан құрсағыма бес перзент берді. Олардан немере, шөбере сүйіп отырмын. Жолдасым 80 жасында дүниеден озды. Өсірген балаларым қорғаным болып, бүгінде бар жағдайымды жасап отыр.

Елімізге тек тыныштық тілеймін. Нәубет, соғыс болмасын.Бүгінгі тыныш таңды бағалаңыздар, – дейді кейуана өткен күнінің ақтаңдақ беттерін еске алып.

Қазір Аманбала әжей – екінші ұлы Жанабай Аманжоловтың қолында.

– Анамыз Құдайға шүкір, тын. Жүріп-тұрудан қиналғаны болмаса, тамақтануы жақсы. Күнделікті медбикелер келіп, денсаулығын тексеріп тұрады. Жергілікті билік те барынша жәрдемдесуде. Анам әрдайым «Менің көргенімді Алла бастарына жазбасын» деп отырады. Осындай алтын кісілердің бейнет пен тауқыметке толы өмір жолын емес, өмір жасын берсін деп тілеймін, – дейді Жанабай.

Аманбала апа ұзақ ғұмыр жасаудың құпиясы дұрыс тамақтануда екенін айтады.

– Жолдасым Балтабай колхозда мал дәрігері болды. Өзім де ұжымшарда жұмыс істеп жүргендіктен, ағарғанды көп іштік. Одан кейін жылқы етінің де адам бойына берер құнары мол. Осы сүт, айран, қымызды көп ішкендіктен, денсаулығым сыр берген жоқ. Ұзақ жасаудың бір құпиясы осында деп білемін, – дейді әжей.

Иә, 110-шы көктемін қарсы алып отырған Аманбала ананың «жасын берсін» деп тілейміз. Осындай алтын құрсақты аналарымыз аман болғай.

Жамбыл облысы



Әділдік үшін 10 жыл күрескен әкім

Қазақ әйелі бүгінде отбасы, ошақ қасында ғана емес мемлекеттік маңызы бар талай қызметтің тізгінін ұстап отыр. Одан бөлек, қазақ қыздары іскерлігімен қатар ержүрек батырлығымен де тарихта қалған. Біздің кейіпкеріміз де осы ғасырдың тарихында есімі қашалып жазылатындардың бірі.

Назгүл НАЗАРБЕК

Түркістан облысының сонау Келес ауданына қарасты шалғай ауылы – Бірлесудің әкімі Қарашаш Еркінбековананың басынан өткен шытырман оқиға әділдік үшін күресте қажымаудың, әйел қайратының үлгісіндей көрінетіні бар. 2007 жылдан 2009 жылдың наурызына дейін ауыл әкімі қызметін атқарған кейіпкеріміздің үстінен, қай жақтан келген зауал екенін қайдам, кенет «пара алды» деген күдікпен іс қозғалады.

Осылайша, ол соттың шешімімен айыпталып, мүлкі тәркіленіп, 5 жылға мемлекеттік лауазымды қызметпен айналысу құқығынан айырылды. Бас бостандығынан айыру жазасы да кесілді. Дегенмен кішкентай сәбиінің болуына байланысты сот үкімінің орындалуы 2012 жылға қалдырылған. Осы сәтті пайдаланған ана әділдік іздеуге шықты. «Бармаған жерім, баспаған тауым қалмады. Әділдік үшін күрескен күндерім кино сияқты көз алдымда», – дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде. Экономистен бөлек, заңгер мамандығын қоса игеріп алған білікті маман осы жылдар ішінде адвокат жалдамастан өзінің толықтай кінәсіз екенін дәлелдеу үшін Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сол кездегі төрағасы Қ. Қожамжаровтың, сол кездегі Бас прокурор Ж.Асановтың, Жоғарғы сот төрағасының, Парламент депутаттарының қабылдауына жазылады. Қолындағы құжаттарын нақты дәлелдерімен алға тарта отырып, әділетсіздікке көз жеткізеді. «2017 жылы мен үшін барлық жоғары органдардың есігі жабылды. Соңғы үмітімді үкілеп, Қожамжаровтың қабылдауына кіру үшін есігінің алдында 18 күн бойы тапжылмай отырған күндерім болды. Қалай да кіруім керек, өзіммен толық естісе болды, басқа арманым жоқ дейтінмін. Ақыры қабылдауына кіріп, алдына қағаздарымды жайып тастап, шешімдерді көрсетіп, «Бағасын сіз ғана бересіз, сосын барып тоқтаймын» деп түгелдей айтып бердім. Ол тапжылмай тыңдап, орынбасарларын шақырып, мәселеге көз жеткізген соң арнайы команда құрып, істі қайта тергеуді тапсырды. Тергеуде менің уәждерім негізін тапты. Қ.Қожамжаров Бас прокуратураға соттың үкімін бұзудың жолын қарастырыңыз, деп ұсыныс айтты. Алайда Бас прокурор ұсынысты негізсіз деп қайтарып жіберіпті. Әділдікке енді қол жеткіздім бе дегенде мына жағдайды естіп, тағы да үлкен қиындықпен бірнеше ай жүріп сол кездегі Бас прокурор Ж.Асановтың алдына кірдім. Ол да іспен толық танысып, мені мүқият тыңдады да, сол жерде қарамағындағыларға қылмыстық іс алынып, қайта қаралсын деп тапсырма берді. Жоғарғы сотқа үкімді жоюға наразылық берілді», – дейді өткенін еске алған Қарашаш Маханбетәлікызы.

Бұл жолы тағы да мәселе сөзбұйдаға салынып кетеді. Дегенмен болайын деген іс шығар, Ж.Асанов дәл осы кезде Жоғарғы соттың төрағасы болып ауысады. Әділдік іздеуші ол кісінің қабылдауына тағы кіреді. Мәселенің әлі шешілмегенін көрген ол тезірек бітіруді тапсырыпты. «Менің ісімді сот залында үшпк судья қарап жатқан болатын. Бір кезде мені ішке шақырды, кірсем 7 судья отыр. Үштіктен, одан соң бестік, ал жетілік судья ол соңғы саты. Осы соңғы сатыдан өтпесеңіз қайда барсаңыз, онда барыңыз ісіңізге нүкте қойылады. Төрағасы А.Рахметуллин екен. Нартәуекел деп күшімді жинап алдым да, деректермен толық айтып бердім. Ол жерде артық әңгіме, эмоция деген болмайды. Алла күш берген шығар, ентелеп отырған 7 судьяның сынағынан өту деген оңай емес. Кеңесу 1 сағатқа созылды. Олар келіп үкімді оқығанда өзімді әрең тежедім. Үкім бұзылды. Іс қайта қаралуға ауданға жіберілді. 9 жыл бойы ең үлкен сатыларда сүрінбей өтіп, арқамды кеңге салып ауданға келсем, Келес аудандық сотының судьясы 3 ай қарап, баяғы үкімді қайта шығара салды. Амал жоқ, облыстағы апелляциялық сотқа баруға тура келді. Мұнда іс 3 айға жуық қаралды. Төрағалық жасаған судья Зиядинхан Пірнияз менің сөзімді бөлмей мұқият тыңдады. Шүкір, осы кісінің төрағалығымен 2018 жылдың 12 қазанында толықтай ақталдым. Үкімнің астына 10 жыл бойғы көрген қиындықтары үшін моральдық-материалдық шығындары, осынша жылғы еңбекақысы өндірілсін деп жазып берді», – дейді кейіпкеріміз.

Көрген түстей болған 10 жыл артта қалып, Қарашаш Маханбетәлікызы 2019 жылдың 13 ақпанында сот шешімімен өзінің қызмет орнына – Бірлесу ауылдық округіне әкім болып қайта келді. Алайда 2013 жылы шыққан сайлау заңына орай ауыл әкімдері сайлануы тиіс болғандықтан, 7 айдан соң орнынан босатылды. Алайда халқы сүйетін қайсар әкім бәрібір елінің қалауымен 2019 жылдың желтоқсанында орнына қайта жайғасты.

Бүгінде ол 5 500 тұрғыны бар Бірлесудің әкімі. «Халқыма ризамын, олар да маған қолдау білдірді. Маған деген көзқарасын сайлау кезінде анық байқадым», – дейді қайсар әкім Қарашаш Еркінбекова.

Шымкент қаласы



Қырық жыл жол жөндеген

Ол «темір тұлпарды» тізгіндеп, азаматтармен қатар күрежолдың үстінде жүреді. Ол – ер азаматтардың ортасында іскерлігімен, ер мінезімен ерекшеленген жан. Ол – Көкпекті ауданының жол құрылысына белсене араласып, осы салада қырық жылдан артық жемісті еңбек етіп жүрген «Қазавтожол» ЖШС-інің қарасты «ДЭУ – 29» учаскесінің басшысы Гүлрайхан Мұхамадиева.

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Жұртқа сыйлы, ортасына беделді Гүлрайхан Закариянқызы еңбек жолын қатардағы қарапайым жұмысшыдан бастап, жол маманы, мекеме басшысы секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарып келеді. «Әкеге тартып туса иті, әке жолын қуса иті» дегендей, әкесі Закария ақсақал баласының адал, еңбеккор болып өсуін қадағалап, жас кезінен соған сай етіп тәрбиеледі.

Гүлрайхан Закариянқызы басшылық жасайтын «Жол пайдалану учаскесі – 29» мекемесі республикалық маңыздағы «Омбы–Майқапшағай» жолына қызмет көрсетеді. Аталған учаскеге Жарма ауданына қарасты Кентарлау ауылынан бастап Тарбағатайдың Боғас бекетіне дейінгі үш ауданды жалғап жатқан 162 шақырым жол кіреді. Әрі қыс бойы бораны бір басылмайтын әйгілі Байбура асуы да, бітіп бермес жазық дала мен таулы аймағы көп ұзын жол да осы учаскеде. Гүлрайхан Закариянқызы осы салада 1979 жылдан бастап қырық жылдан астам уақыт табанды қызмет атқарып келеді. Ұжымның алдында беделді, елге абыройлы, ер мінезді, әділ де турашыл жерлесіміз Көкпекті ауданының құрметті азаматы.

Қыста қарлы боранмен алысып, жолда қалған жолаушыға жәрдем бере жүріп қауырт жұмыс істейтін, 11 техникасы әрқашан сақадай-сай 27 ер азаматтан құралған ұжым жаз уақытында да арқаны кеңге салған емес. Күн жылынып, көктем келе жолды қалыпқа келтіру бағытындағы тынымсыз тірлік басталады.

Ел мен жерге еселі еңбек сіңіріп келе жатқан үлкен әулеттің бүгінгі өкілі Гүлрайхан әке өсиетін мінсіз орындап, аманатын адал атқара білді. Жастайынан өз ісіне мығым ол әке атына кір келтірмеді. Кішкентайынан 5 ағасының соңынан ерген, қайсар мінезі мен алған бетінен қайтпайтын, әкесі жастайынан үлкен үміт күткен Гүлрайханды былайғы жұрт бұрынан еркелетіп Гүлдарай атап кеткен.

Қызығынан гөрі қиындығы басым құрылысшы мамандығының қыр-сырын меңгере отырып, кәсібіне төселіп, біраз жыл жол құрылысы шебері, прораб, жол жұмыстары қоры бойынша инженер міндеттерін атқарды. Ал 2011 жылдан бастап «ДЭУ – 29» мекемесінің басшысы лауазымына көтерілді.

Гүлдарай «жетістікке жеттім» деп бір сәт те тоқмейілсіген емес. Бүгінде зейнет жасында болса да, әлі еңбек майданының көрігін қыздырып жүрген кейіпкеріміз өнегелі отбасының ұйытқысы. Үш қызғалдағы – Айнұр, Мира, Раушаннан өрбіген жиендерінің қызығына батып, бақытты базарында, халқының ортасында шадыман күй кешуде.

– Әрине, жол саласындағы жұмыс оңай демес едім. Бірақ өз ісіңді беріліп атқарсаң, жауапкершілікті бар ынтаңмен сезінсең, кез келген қиындықты артқа тастауға болады, – дейді Гүлрайхан.

Шығыс Қазақстан облысы

Соңғы бет

ЖАҢҒЫРЫҚ

ӘЗІМБЕКТІҢ ӘЗІЛДЕРІ



Әзімбек Жанқұлиев жұртқа танымал айтыс ақыны еді. Өмірден ерте кетті. Көзін көрген, дастарханда болған үлкен кісі оның өр сөзіне, жанашырлығына риза болып жүретін. Елге ерте танылған жігіттің жанашырлары ол қатысатын айтыстарды іздеп жүріп көретін. «Әзімбек айтыпты» деген бірқағарлары әлі күнге жұрт жадында. Өмір жолын өнерге арнаған Әзімбектің ғұмыры қысқа болғаны ғана өкінішті.

Бүгін біз қаламгер інісі Ерман Әбдиев жинақтаған Әзімбектің өзілдерін ықшамдап жариялағанды жөн көрдік.

Жеңе алмапсың...

Атақты палуан Жақсылық Үшкемпіровтің үйіне біраз қонақ жиналады. Қонақ болғанда қандай, кілең ығай мен сығайлар. Сол отырысқа Әзімбек те шақырылады. Жақсылық екеуі бір ауылдан. Ән айтылып, небір тілектер төгіледі. Кезек Әзімбекке келгенде арнау айтып, мақтапмақтап келіп, Жақсылық ағасына қарап: «Дүниежүзінің палуандарын жеңген кезде, үйдегі кішкентай ғана жеңгемізді жеңе алмапсың...» – деп салыпты.

Шіркін-ай!

Бірде Әзімбек және Шорабек Айдаров бастаған бір топ айтыскер қазақы киіз үйде қымыз ішіп отырады. Шорабек ага дипломы болмай, ыңғайлы жұмыс таба алмай жүрген кезі екен. Сонда Әзімбек:

– Шөке, осы сізде диплом жоқ. Бірақ ұйымдастырушылық қабілетіңіз жоғары. Сабырлы, мінезге бай адамсыз. Ал менде диплом бар. Бірақ бір жерде қадалып, тұрақтап жұмыс істей алмаймын. Сабырсыздаумын. Сіздің сабырлы мінезіңіз менде, менің дипломым сізде болса ғой, – деген екен.

«Туысынан уысын артық көрген...»

Әзімбек ақын бір айтыста Ринат Зайытовпен сөз додасына түседі. Ринат Әзекеңе «Қанша жыл айтыссаң да, айтыстан автокөлік мінбедіңіз ғой» деп өлеңдетіп тиіседі. Сонда Әзімбек:

– Саған да құдай берген
бала нәсіп,
Қайтесің болмас жерге
араласып.
Айтыстан автокөлік
ұтпасам да,
Ұтқандармен жүрмін ғой
жағаласып,
Ал жастар өлеңді емес,
көлікті ойлап,
Майдаланып жүрмеңдер
қара басып.
Туысынан уысын артық көрген,
Бұл күнде інілердің араны ашық,
– деп тойтарыс беріпті.

Жыланның да уы ем

Бір тойда Әзімбек асабалық етеді. Рет-ретімен сөз беріліп жатса керек. Бір кезде ортаға құдашаларды шақырады. Сөйтсе, өлгі топтағы бір құдаша әдемі екен. Мұндайда Әзімбек қарап тұрсын ба:

– Құдаша сылаңдайсың,
сылаңдайсың,
Көктемде іннен шыққан
жыландайсың, – деп қағытыпты.

Әлгі құдаша сөз қадірін білетін, көзі ашық жан болса керек.

– Өз-ага, сізді ел таниды. Мұндайда қыздарды гүлге, күнге, айға теңеп жатушы еді, жыланға теңегеніңізге жол болсын, – депті.

Сонда Әзімбек:

– Кетпейік осы жерден
майдаланып,
Әсер алып қайтайық
тойдан анық.
Әр нәрсеге өзінше ойланарлық.
Жыланды жаман деме, ұсын оның,
Келеміз ем-домға пайдаланып, –
деп өзін-өзі ақтап алыпты.

Көздегені...

Бір айтыста Әзімбек бастаған біраз ақын финалға өтпей қалыпты. Сол жерде ауыл азаматтары ақындар ішінен Әзімбекті қалап алып, бет ашуға алып кетіпті. Ертесіне финалға өткен ақындарға магнитофон секілді сыйлықтар беріп жатса, Әзімбек тойдан ет алуға жететіндей ақшаны олжалап келіп қалыпты. Сонда жанындағы қызыққан ақындарға қарап:

– Жігіттер, ренжімеңдер! Өмір өз дегенін алады, Әзімбек көздегенін алады, – деген екен.

Шешен соғысы

Әзімбектің Шымқалада оқырмандарымен кездесу өтіп жатады. Бұл өзі орыс-шешен соғысының қызған тұсы болса керек. Сонда залда отырған бір оқырман төтесінен: «Аға, Ауған соғысының ардагерісіз, орыс-шешен соғысына қатысуға қалайсыз?» – деп сауал тастаған көрінеді. Суырыпсалма ақын Әзімбек:

– Соғыс ашқан Зоған мен
Ельцин деймін,
Мықты болса бізге де келсін
деймін.
Ауғандардың соғысын
талқандадық,
Орыс-шешен соғысын мексінбеймін, – деп жауап беріпті.

Жол білетін Серік

Айтыскер ақын Серік Қалиевпен Әзімбек Түркістанда ұйымдастырылған айтыстың финалында кездеседі. Бұл Серіктің Әзімбекпен соңғы кездесуі екен. Финалда екі ақынның бірі жүлдеге іліну керек. Серік асыл ағасын құрметтеп сөз додасы аяқталар түста жолын береді. Сонда кезегін алған сардар ақын:

– Әселхан Бекарысқа он береді,
Озғанын шөкіртінің оң көреді.
Әселхан он бермесең
бермей-ақ қой,
Бәрібір Серік інім жол береді, –
деп айтып салады.

Сөйтіп, Әзімбек те, Серік те жүлдесіз қалған екен. «Ал олай айту тек Өз-агага ғана жарасатын еді», – дейді Серік.

Ертай ақынға айтқаны

Әзімбек бірде ақын, жыршы, термеші Ертай Тазабеков ағасының үйіне барса, жеңгесі перзентханага түсіп, Ерекең балаларга тамақ дайындап жатса керек. Сонда Әзекең:


– Ереке, шығып жүрсің
гастрольге,
Ақын боп ойнап жүрсің
басты рөлде.
Жеңешем больницаға
түсіп қалып,
Қос қолың жүгірді ме
кастрюльге, –
депті жұлып алғандай.

Әзірлеген Е.ӘБДІ



Әуесхан Мажайқызы – Талдықорған қаласының тұрғыны. Бір әулеттің мұрасын жүз жылдан аса уақыт сары майдай сақтаған ұқыпты жан. Ата дәстүр мен салт-санаға, әдет-ғұрыпқа аса бір ыждағатпен, құрметпен қарайтын қария өз ұрпағына ғана емес, жалпы, ұлтымызға керек құндылықтарды көзінің қарашығындай сақтаған. Қолда бар мұралары көптігімен де, көріктілігімен де әдемі.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ЖӘДІГЕР



Жан тербейтін жәдігерлердің арасында ең бағалысы – Шәкіл Ақтүбітұлынан қалған бүркіттің тұмсығы (XVII ғасыр). Солтанкелді бидің күмістелген ат әбзелдері (XVIII ғасыр) мен Жансарбай Ұлтарақұлының (XIX ғасыр) емшілікке пайдаланған құрал-жабдығы, аңшылық бұйымдары, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын. Омарақын зәңгінің (XX ғасыр) торғауыттың атақты шебері Бадыманы шақырып әкеліп жасатқан ат-әбзелдері секілді дүниелер де көздің жауын алады. Түрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, қолөнер, саятшылық, аңшылық, дәрігерлік, егіншілік, үй жабдықтары асыл қазынамыздың абыройын арттырып тұр. Айталық, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, қазақтың қара сабыны, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдар көрген кісіні қайран қалдырады. Ал ер-тоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдерінің өзі бір төбе. Төрт, алты, сегіз, он екі өріммен өріліп, күміс жалатылып, түрлі асыл тастан көз салынып, безендірілген ат әбзелдері мен айыл-тұрманның шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екендігі анық. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр сияқты



аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікке қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналатын лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны хал-қадерінше өркендеткенін аңғартады.

Әжеміздің әкесі Мажай да, арғы аталары да он саусағынан өнер тамған қолөнершілер, жыршытермеші, күйші болған. Ақсақал өз кезінде жолбарыс, ілбіс, қасқыр, бұғы, елік, қоян секілді басқа түз тағыларын қолда үйреткен. Қолөнер шебері екенімен де танымал. Шешесі Зинап та танымал адам. Олардың шеберлігі мен өнерін кейін үлдары Бәйдібек мен Батырхан жалғастырып, өз тұсында өрмешілік, дәрігерлік, аңшылық көсіппен айналысқан. Отбасында көрген тәрбиесін Омарақын зәңгінің ауылына келін болып түскеннен кейін де жалғастырыпты.

Осындай гажап жәдігерлерді қалайша күтіп, сақтап, тіпті Қытайдан елімізге бүлдірмей жеткізгені таңдай қақтырады. Әуесхан Мажайқызы үшін аталарының атын бадырайтып айту әдепсіздік. Сондықтан «Емші ата», «Зәңгі ата», «Толқынның шешесі», «Үлкен абысын», «Мырза жігіт» деген сияқты жаңылдырып атаған есімдердің иесін ұлқыздарынан сұрауға тура келді.

– Отбасында көрген тәлімі мол тәрбие ұлттық қолөнерге жақын жүруіме себепші болды. Кейін Зәңгі атамыздың (Омарақын Жансарбайұлы) ауылына келін болып түскеннен кейін де, көрген ісімді ары қарай жалғастырдым. Мен келін болып түскен ауыл ел билеген, оқу-білім, өлең-жырға өуес, думаншыл еді. Андас Омарақынұлымен 1969 жылы шаңырақ көтердім. Әкем Мажай мен атам жақын дос болған екен. Үйленуімізге осындай жақындық дөнекер болды. Сол жылы Іле медициналық техникумын жаңадан бітірген кезім. Бұл оқу орны сол кезде қазіргі медициналық университеттермен тең еді. Өкінішке қарай, 1952-76 жылдар аралығындағы түрлі қоғамдық жағдайға байланысты атам да, жұбайым да бай-манап, көнелікті дәріптеуші, сары өлең жазып, елді адастыратын зиялы деген секілді жала жабылып, көп құтын көрді. Мені «бай-манаптың келініне қайдағы ақхалатты жұмыс, өндірісте істейді» деді де, шаруашылық жұмысына жіберді. Талай қиын күндерді өткіздік. Атамыздың: «Бастарыңа қандай қиын күн туса да, арам өліммен өлмеңдер, өтірікті мойындамаңдар», – деген сөзін орындадық. Атамыз 1976 жылы қайтыс болды. Өмірден өтерден бір күн бұрын кешке үйге оралғанда мені жанына шақырып алып: «Енең қайтыс болғанда мен қоруыш болып едім. Мен кеткен соң қиналып қалатын шығарсыңдар. Өлімімді жөнелтемін деп көп шашылмаңдар. Өздеріңе мықты болыңдар», – деді. Ол кезде екі бөлмелі жер үйде тұратынбыз. Ауыз үйде атамыз өзі қолымен жасаған үлкен ағаш сандық болушы еді (қазір де бар). Соны жанына алдырып, жәдігерлерді сол сандыққа салдырды да: «Кейінгі ұрпақтар мұның қадірін түсіне ме, түсінбей ме, білмеймін. Уақыты келгенде тапсыратын жеріне тапсырып берерсің, болмаса өз қолыңмен бітіріп кет», – деп қадағалады. Ол кезде жаспын ғой, өсиет айтып жатқанын қайдан білейін, – дейді әжей.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң, атамекеніне алдымен балалары көшіп келді. 2016 жылы осы елдегі баласына қонаққа келгенде жұбайы Андас Омарақынұлы қайтыс болып, Талдықорған қаласына жерленеді. Осыдан кейін Қытайда жалғыз тұруға жағдайы келмей, елге өзі де оралады. Содан атасының өсиеті бойынша жәдігерлерді аз-аздан таси берген. Біраз мұраны Қытайдың Күнес аудандық музейіне тапсырады. Өткен жылдан бері осы мұраларды көрген музей қызметкерлерінен сұраныс түсе бастапты.

Ең бастысы, бұл мұраларды тек бір әулет тұтынғанымен, әрқайсысы ұлтқа ортақ жәдігер. Олардың арасында жүзжылдық бесік те бар. Бұл туралы әжеміз: «Бесік 1903 жылы Зәңгі атамыз (Омарақын Жансарбайұлы) туғанда Емші атамыз (Жансарбай Ұлтарақұлы) Күредегі бір съезде жүрген екен. Сондағы бір ноғай шеберге жасатып алыпты. Содан бері бұл бесікке осы әулеттің 50-ге жуық баласы бөленді. Бесіктен белі шыққанша бірде-біреуі шетінеген жоқ», – дейді.

Апамыз жәдігерлердің 100-ге жуығын «Атамекен» тарихмәдени орталығына, бірқатарын С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына тапсырыпты. Әлі де сұрап жүрген музей қатары көп.

Биыл жетпіс жасқа келген Әуесхан Мажайқызы сегіз баланы өмірге әкеліп, бәрін ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындатқан «Алтын алқалы» ана. Балаларының бірі – дәрігер, енді бірі – журналист, сәулетші, құрылысшы, мұғалім, мемлекеттік қызметкер. Ол кісі ұрпақ тәрбиесіндегі үлгілі істері үшін Қытайда тұрғанда «Мемлекеттік ұрпақ тәрбиелеудің үлгісі» деген марапатқа да ие болған. 1990 жылдары кәсіпкерлікпен айналысып, тары, талқан, жент, жарма, сүзбе, қатық, тары көже, боза сияқты ұлттық тағамдарды саудаға шығарып, халық қолдауына ие болған. 1999 жылы ұйымдастырылған ауылшаруашылық өнімдер жәрмеңкесінде алаша, ши тоқу өнерін, тарыдан жасалатын түрлі ұлттық тағам мен қазақтың қара сабынын жасаудан шеберлік дәрісін көрсетіп, «Ұлттық өнімді сақтаған бірінші дәрежелі шебер» деген марапат алыпты.

Әуесхан Мажайқызы тіккен түскиіз, жүк жапқыш, құрақ көрпе, қапшық дорба, қасқыр тымақ, тақия, тағы да басқа тұрмыстық бұйымдар, сан түрлі қыз жасауы, тоқымалар, қолмен басқан киіз сырмақ, тоқыған алаша, бүгінге дейін жеткізген қазақтың қара сабынын жасау техникасы өз алдына бір төбе. Алтын Орданың – 750, Орбұлақ шайқасының 365 жылдығына орай ұйымдастырылған көрме мен Түркістан қаласында өткен «Turkistan: One way One histopyInternational forum – 2019» халықаралық көрмелеріне қатысып, жақсы баға алған. Талдықорған қалалық, Алматы облыстық қолөнершілер байқауында жүлдегер атанған.

Бүгінде Алматы облыстық ардагер әжелер ансамблінің құрамында ұлттық өнерді ұлықтап жүр. Сондай-ақ жұбайы Андас Омарақынұлының басылым көрмеген өлеңдерін, айтыстарын, тарихи зерттеу еңбектерін жинақтап, баспадан шығару ісімен айналысуда.

Біз гажайыпқа сенбейміз. Бірақ ата мұрасына адалдық таныту қай ұлттың перзентінің де асыл қасиеті. Әуесхан Мажайқызы сол өсиетті орындағанына қуанады.

Ж.ОМАРАҚЫН

Меншік иесі – «Жас Алаш» ЖШС

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Қайрат МАТРЕКОВ**

Жауапты хатшы – **Жолдасбек ДУАНАБАЙ**

Сайт редакторы – **Қарлығаш ЗАРЫҚҚАНҚЫЗЫ**

ОБЛЫСТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Шығыс Қазақстан, Семей – Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ, 8 775 122 1896;

Шымкент – Бақытжан ӘБДІРАШҰЛЫ, 8 778 299 5396;

Жамбыл – Нұрболат ӘЛДИБЕК, 8 707 489 9201

WWW.ZHASALASH.KZ.

Тарату бөлімі – Бас менеджер **Ринат РАХЫМОВ** тел. 8 (727) 346-89-55 (газетке жазылу бойынша)

Мекенжайымыз 050044, Алматы қаласы, Достық даңғылы, үй 97/Б, 7/3 кеңсе

Қабылдау бөлімі – тел. 8 (727) 346-89-54

Электронды поштамыз: **zhasalash2017@gmail.com**

WhatsApp нөмірі – тел. **8 777 115 5898**

Газет сұрыптау бөлімі «ЦЭП» ЖШС, тел. 8 (727) 397-50-60. Газет келмеген жағдайда осы нөмірге хабарласыңыздар

Жарнама бөлімі
Телефон/факс: 8 (727) 346-89-54
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

• Редакция оқырман хаттарына жазбаша жауап бермейді, оны қайтармайды. Авторлың мақалалары, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. «Жас Алашқа» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (06.02.2008), ол туралы №8962-Г куәлігі берілген.
ГАЗЕТ «Дәуір» ЖШС РПБК *(Алматы қаласы, Қалдаяқов к.17)* баспаханасында басылды.
КӨЛЕМІ 4 БАСПА ТАБАҚ. ТАПСЫРЫС №3062
ГАЗЕТ «ЖА» компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына екі рет – сейсенбі және бейсенбі күндері шығады.

Тираж 17 984. Апталық тиражы 36 098

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆НҮСІПБЕК ӘШІМБАЕВ — 110



Тарих деген ұлы жазбаның әр бетіне бедерленер тұлғалар болады. Олардың бірі көмейінен сөз нілін тамызған көсем, бірі кәрі еменнің тамырындай шатысқан дүниені бірауыз лепеспен шешер шешен, енді бірі аттың жалын жастанып, қара жұрттың қамы деп қара адырларда шашақты найзасына сүйеніп қалғыған батыр болуы бек мүмкін. Ал солардың қатарында ерен еңбектің көрігін қыздырған атан жілікті, қара нардай қажырлы тұлғалардың есімі де қосарлана айтылып, қапталдаса таңбаланып жататыны бар! Неге? Өйткені, сан мехнатты жол жүріп өткен халықтың болашағының кемел болуы үшін қамау терін қара жерге шүмектете төккен еңбекторы азаматтардың да әр ісі жау жапырған батыр ерлігімен пара-пар! Міне, сондай тұлғамыздың бірі де бірегейі деп Социалистік Еңбек Ері Нүсіпбек ӘШІМБАЕВ атамызды айтамыз.

АҢЫЗҒА БЕРГІСІЗ ТҰЛҒА

Биыл дала академигі атанған Нүсіпбек Әшімбаевтың туғанына 110 жыл. Табиғаттың төл перзентін, қазақ халқының аяулы ұлын, бірегей тұлғасын кезінде көрнекті мемлекет қайраткері, Алматы облысында аттай 14 жыл бірінші басшы болып жұмыс атқарған Асанбай Асқаров «дала академигі» деп ерекше атап еді. А. Асқаров басқарған осынау уақытта облыстың дамуға бет алғанын, ірі жетістіктерге жетіп, бірнеше мәрте одақтың алдыңғы қатарынан табылып, Қызыл Туды жеңіп алып жүргенін, сол кезеңде аймағымыз үш мәрте Ленин орденін иеленгенін де өткен күн жазбаларынан жақсы танимыз.

Расында, құйқалы жер, құтты қоныстың гүлденіп, туған жер түтінінің түзу шығуына ерекше ықпал еткен Нүсіпбек Әшімбаевты замана заңғарларының бірі деп айтсақ, ұшқары байлам жасамағанымыз. Ол сол кездегі Нарынқол ауданындағы Ленин атындағы ұжымшарын аттай 30 жыл басқарды. Сол кезеңдерде ұжымшар ірі шаруашылыққа айналды. Орталығы Сарыбастау қыстағының өзі кентке пара-пар үлкен ауылға ұласты. Шаруашылықтың экономикасы айтса нанғысыз өркендеуге жол ашып, ұжымшар миллионер атанғаны бар.

Табиғат дарытқан еңбексүйгіштік, жігерлілік қасиеттерінің арқасында өзінің екі тізгін, бір шылбырын салалы саусақтарынан сусытпай, ұлы істердің ұйытқысы болған, шаруашылық тасын өрге домалатқан Нүсіпбек Әшімбаев басқарған сол уақыттарда аталмыш ұжымшар өкіметтің жәрдемінсіз, өз күшімен екі мектеп, Мәдениет үйі мен монша, кірпіш пен әк шығаратын цех, жүз орынды стадион, аурухана сияқты ғимараттардың іргетасын қалап, оны ел игілігіне бергені де әмбеге аян.

Міне, осындай келелі істің басында елдің келешегі үшін маңдай терін еселеп төккен Нүсіпбек Әшімбаевтай нар тұлғаның жүргені де тарихтың бетінде хатталып қалды.

Халық тұрмысының түзеліп, шаруашылықтың табысын еселеуге жан жүрегін, қажыр-қайратын жұмсаған ел перзенті Нүсіпбек әкеміз сонау 1910 жылы Шартас ауылдық кеңесіне қарасты орта шаруа отбасында дүниеге келген. 12 жасында, бір мүшелді қайырған тұсында әкесінен айырылып, бір іні, бір әпкесімен бірге ғазиз жүректі анасының қолында қалады. Молданың алдынан өтіп, төрт жыл араб жазуын үйреніп, тіл сындырған. Кейіннен Кеңес өкіметі орнаған уақытта сол білімімен хат танымайтын «ликвидация безграмотностиға» қатысып, ауыл адамдарын, қара домалақ балаларын оқытқан көрінеді. Ірі байлар кәмпескеленіп, ел алатайдай бүлінген шақта жаңы сергек Нүсекең ауылдық кеңеске хатшы болып қызмет еткен.

Иә, Нүсіпбек Әшімбаевтың ат жалын тартып мініп, елдің еңсесін түзеуге азаматтық күш-жігерімді сарп етермін деп қайраттанған шағы қазақ тарихындағы ауыр оқиғалармен тұспа-тұс келген. НЭП кезеңінде байлар кәмпескеленіп, оның арты орталық Ресей, Украинадағы аштыққа ұласып, 1931 жылы өкімет қаулысымен деп халықтың малын тәркілеу науқаны жүргені де көпке аян. Басында мал ауру десе, кейін түлікті жануарларды қажетсініп, ақыр-аяғында бәрін таразылап, қой мен ірі қараны түгел жинап алып кетті. Халықтың қолында азын-аулақ жылқы шұрқырап қалды. Зұлмат заман басталғанынан тіксінген елдің дені ертеңгі күнге сенбей шегарадан аттап, Қытайға бас сауғалады. Сол кезде комотрядтар мен заставалар тыңшылар арқылы елдің қай күні арғы бетке өтетінін біліп, оларға тосқауыл қойды. Жаппай қырғынға ұшыратты. Сонда біреудің баласы, біреудің анасы қой үстіне бозторғай жұмыртқалар кезеңнің келмеске кеткенін андап, туған жерден үдере көшті емес пе? Қытай асамын деп қыршыннан кеткен көптің қынадай қырылуы былай тұрсын, жетімдер қорғансыз жылап, талай жайсаң бір-бірін мәңгіге таба алмай дүниеден өтті-ау. Міне, осы кезеңді басынан өткерген атам маған құба түздегі ағарып жатқан сүйектерді нұсқап тұрып: «Қарашы, ана бетке застава пулеметтерін қойып, қаншама бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Қолдарында қару тұрмақ қатты таяқ жоқ аңғал жұрт, бала-шаға ажал ұңғысынан тәсілім болды», – деп аза бойы қаза болып әңгіме айтушы еді.

Қазақтың сол жылдары басынан өткерген ауыр-ауыр оқиғалары тек Алаштың ғана емес, адамзат тарихының трагедиясы іспетті. Ол ең үлкен қателікке ұласқан саясаттың солақайлығынан орын алған оқиғалар еді. Соның бәрін көзімен көріп, көкірегіне мұң ұяласа да, елім мен жерім үшін ерен еңбек етуге дайынмын деп іштей серт еткен Нүсекеңнің тағдыры да шым-шытырық жайттарға ұласқаны бар. Бір күні жарқын бейнелі асыл азамат ОГПУ «үштігінің» сырттай шығарылған қаулысымен үш жылға бас бостандығынан айырылып, Карлагқа айдалады. Кенеттен орын алған бұл жайттың түбі, әрине, шикі еді. Ауылдағы үш адам Нүсіпбек атамыздың үстінен «домалақ арыз» дөңгелетіпті. Сондағы уәжі: «Нүсіпбек туыстарын Қытайға көшіргелі жүр. Күндіз-түні ел аралайды. Жер шалады», – деген дәлелсіз қаңқу.

Қай заманда болмасын, жақсының артынан сөз еретіні рас. «Болат қайнауда, ер майданда шынығады» деген ділмар ой да бекер айтылмаса керек. Сонымен үшеудің дәлелсіз шешімі, «үштіктің» айғақсыз кесімімен жауапқа да тартылмастан үш жылға «за нарушение гос границы» деген айыппен Карлагқа айдалған Нүсекең сол бір қиын жылдардан да үлкен сабақ ала білген. Айдауға ауыр жазамен бармаған соң, ол жерде статьясына қарап, жеңілдік жасап арбакештің жұмысын тапсырыпты. Лагерь мен Қарағанды арасында арбамен, шанамен азық-түлік тасыған. Тағдыр тасы ауыр тартқан сайын ұлы жүрек иелері өмірге құштар болатыны рас. Біз сөз етіп отырған тұлға да айдаудағы ауыр кезеңде жүріп үлкен өмірден тәлімді, ұлы сабақ ала білген. Өзі де сол бір кезді еске алғанда: «Лагерь – менің университетім болды. Онда мен орысша тіл сындырып, кириллица жазуын танылым. Елмен қалай сөйлесуді, азаматтармен қалай тіл табысуды үйрендім», – деп тебірене термелеп отыратын.

Нар тұлғалы Нүсіпбек қария сол бір кезеңді былай деп толғанғаны бар. «Жазамды өтеп келгеннен кейін жұмыс бермейді. «Екі қолға бір күрек» демекші, құры жатуды жаным қаламайтын болған соң Живсырье деген мекемеге барып, заготовщик болып орналастым. Астымда велосипед. Көбіне ат арбаға тиеп тері, жүн жинаймын. Оны Нарынқолға апарып өткізем»...

Еңбек майданында шыныққан тұлға тағы бір тағдырдың ұлы сынағын бастан өткерді. Ол – зұлмат дүбірдің дабылы қағылып, Ұлы Отан соғысының әлемді қара бұлтымен қармауы еді. Міне, сол тұста Нүсекеңді сотталған деп армияға алмайды. 1942 жылы сотталғандары бар, туыстары Қытай асқан дегендері бар, жалпы саны 300-ге жуық адамды Қарағандыға қара жұмысқа (трудовая армияға) жібереді. Содан шахтер болып жер үңгіп, стахановец атанып, еңбек майданында тағы да шыныға түскен. 1944 жылдың қаңтар айында демалыс алып Сарыбастауға келген. Келген бетте А. Наурызбаев деген ұжымшардың сол кездегі басшысы Нүсекеңе: «Адам жоқ. Мен оқуға кетіп бара жатыр едім. Орнына істей тұрсаң» – деп қолқа салып, жатта жабысады. Олай болмайды, ертең мән-жайдың ақ-қарасын ажыратып, іздеп, «дизертир» деп соттайды деген Нүсекеңе, жүр-жүрлеп Алматыдағы обкомға апарып, броньмен қызметте қалдырады. Міне, содан бастап еңбек майталманы ел үшін, қоғам үшін бейнетшіл пейілін, адал терін сарп етеді. Аттай он жыл қой ферма бастығы болып істейді. Сол кездегі қиыншылықты, тірлік ауыртпалығын еске алғанда Нүсіпбек ата: «Өгізбен қойшыларды көшіреміз. Қой соңында жүргендердің көбі – әйел мен шал-кемпір. Қолмен қой қырқамыз. Адам тапшы болған соң, жұмыс оңай өнбейді», – деп сол жылдарды санаға салып, сабақ ретінде айтып отыратын.

1954 жылы сол кездегі ауданның бірінші хатшысы Рақымжан Мақашевпен бір кездесіп қалғанында Нүсіпбек әкеден «бастық болғың келмей ма?» деп сұраған екен. Сұрақтың мәнісін білмекке ұмтылса, алтыайлық курсқа жібермекші екен. Содан келісім беріп, курсты бітірген сол жылы-ақ еңбек майталманы Ленин атындағы ұжымшарға бастық болып тағайындалады.

Нүсіпбек Әшімбаев ұжымшар тізгінін алған уақыттан кейін шаруашылықтың табысы еселенеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, миллионер ұжымшар үкіметтен бір тиын алмай бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Мектеп, Мәдениет үйі мен моншадан бөлек, төрт мың метр биіктікке теледидар мұнарасы салынып, ұжымшардағылар көкжәшіктің көзайымына айналады. Оған қоса, үш мың қой бордақылайтын комплекс, инкубатор станысы бой көтереді. Республиканың ғылыми институттарымен бірлесіп ұжымшар қойын асылдандырып, арқар-меринос тұқымы өсіріледі. Оның пайдасын бір ғана «Ленин» ұжымшары ғана емес, республиканың көптеген шаруашылығы көреді. Осынау ерен істердің нәтижесінде ұжымшар экономикасы көтеріліп, жұмысшылардың табысы артып, көптеген құрылыс тек шаруашылық есебінен салынады.

Осындай жағдай туғызған, жаңашылдық пен жаңқиярлық жігерді ұштастырып, еңбек көрігін қыздырған Нүсіпбек әкейдің ұжымшар тізгінін ұстаған отыз жылдағы жетістіктері толайым еді. Солардың қатарына мақтанышпен ауданның өзге шаруашылықтарынан көп жыл алда жүргенімізді атап өтуге негіз бар. Мәселен, өзге ұжымшарлардан бұрын ауылға ауызсу тартып, су қоймасын салып, онымен егінді алқапты суаруға мүмкіндік алдық. Оған қоса, ұзындығы 18 шақырым болатын Шақрамбал су каналы Тұздыкөл бөлімшесіндегі 1650 гектар жерді суғаруға мүмкіндік туғызды. Міне, осының өзі бір тұлғаның ғұмырында атқарған ғажайып істері десек, ең алдымен, оның нағыз нар тұлға екенін көзге елестетіп, «дала академигі» деген атаққа лайықтығын жете түсінеміз.

Оған қоса сол кезеңде малшылар тұратын үйлер стандартты үш бөлмелі болып еңсе көтерген. Бәріне электр жарығы тартылып, көптің қолы жетпейтін «Волга» автокөлігі (өзге көліктерді айтпағанда) ауыл еңбеккерінің он шақтысының астында жүрген. Оған қоса, тірлік тауқыметін тартып, келешектен күдер үзіп Қытай асқан қандастардың 2 миллиондайы елге оралғанда, Сарыбастау ауылына соның мыңға жуығы қоныс тепкен болатын. Міне, сол тұста ел десе ерен күшпен іс қылатын тұлға бәрін тез арада үймен қамтамасыз етуді өзекті мәселе етіп күн тәртібіне қояды. Ағаш тілу, құрылыс бригадаларын ұйымдастырып, бір жазда 300-ге жуық үй тұрғызған. Осындай көптеген кемел істің жүзеге асуына мұрындық болған Нүсіпбек ата елім деп келген қандастардың да алғысына ие болды.

Елге ел қосылды. Жұмыс күші арты. Бала саны көбейді. Міне, сол тұста тағы да Нүсекең парасаттылықпен шешім қабылдап, 7 жылдық мектепке бала саны симайтын болған соң алты айдың ішінде екі қабатты онжылдық мектеп тұрғызуға мұрындық болады. Осы орайда Нүсіпбек әкенің жиі айтып жүретін мына бір естелігіне зер салсақ: «Мектеп тамыз айында бітетін болды. Мен Алматыдағы атақты партизан, оқу министрі Шәріповқа бардым. Министрдің өзіне кіріп штат сұрадым. «Ақсақал, мұндай жұмысты бір жыл бұрын жоспарлаймыз. Ал сіз жоспарсыз мектеп тұрғызасыз және штат сұрайсыз», – деп қиқарлық танытты. Бірақ артынан солтүстік жақтағы бір мектеп бітпей қалуына байланысты сол жаққа белгіленген штатты бізге беруге тура келді» дейді дала академигі. Осының өзінен сонау қиян-қыстау заманда мектеп салып, оған ұстаз бекіттірген тұлғаның асқақ болмысын, ел үшін жаралған жан екенін түсінуге негіз бар.

Даланың түйір дәнінің түзде қалмай халық қамбасына құйылуын қадағалайтын еңбеккөр тұлға сол кездегі атқамінер азаматтардың қолдауымен жаладан арылды. Партияға өтті. Ерен еңбегі бағаланып, 1987 жылы Дінмұхамед Қонаевтың қолынан Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Абыз ақсақалға айналған шағында, нақтырақ айтсақ, 74 жасында зейнетке шықты. Кейіннен Алматыға қоныс аударып, облыс әкімдігінің қолдауымен 1988 жылы 3 бөлмелі пәтерге қол жеткізді.

Түз тіршілігінің көрігін қыздырып қана қоймай, отбасында асқар таудай әке, абыз ата атанған Нүсіпбек Әшімбаев ұрпағына тағылымы мол тәрбие бере білді. Өзімен бірге қызметте болған А. Асқаров, К. Аухадиев, Қ. Байжанов, З. Батталханов, С. Тәнекеев, Қ. Ұлтарақов, Ә. Алыбаев, У. Нұрғазиев, С. Серкебаев, А. Алпысбаев сияқты атпал азаматтармен бірге тонның ішкі бауындай араласып жүрді.

Текті тұлғаның тіршілігіндегі сөздің түбін тауып айтатын әзілдері де елдің жадында еңбегімен қатар аталып жүр. Бірде, райкомның бюросында бірінші хатшы Б. Оспанов: «Сіздер жұмысты партияның барлық талаптарына сай істемейсіздер! Үкімет сіздерді 10 жыл мектепте, 5 жыл институтта оқытты. Ал бұл қалай?» деп көпшілікке қарата ренішпен сауал тастапты. Сонда Нүсіпбек әкей: «Бұл сөзге мен де жатамын ба? Менің бар оқығаным молданың 4 жылдық, курстың 6 айлық оқуы ғана. Партияның бар тапсырмасын артығымен орындап жатырмыз. Мен Үкіметке түскен тегін кадрмын ғой» десе керек. Сонда әзіл болса да аталы сөзге тоқтаған бірінші хатшы тегін кадрға қаратып айтылмаған сөз екенін мойындап, көпшілікті риза етіпті. Міне, осындай көптеген тапқырлық, аталы сөз, астарлы әзіл айтып жүретін нар тұлға ел үшін бейнет қамытын мойнынан шешпей жүріп, егемен елдің еңсе тіктегенін көзімен көрді. Өзі басқарған өңірдің гүлдей жайнағанын аңдап, өзі қалаған тіршілік іргетасының берік болып, ел игілігіне жарағанына жүзі жылып, шүкіршілікпен ел ортасында қасқайып жүрді. 2010 жылы жүзге таяған шағында ел абыройын асқақтатқан абыз тұлға, аңыз адам бақиға бет түзеді. Жұрт үшін ұлы істер атқарған әкеміз Нүсіпбек Әшімбаевтың есімі Мәңгілік елмен бірге жасай беретіні де сөзсіз.

Сағатбек ОМАРОВ

◆ДҮНИЕ ДАБЫЛ



АДАМАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Кейінгі бір-екі ғасырда адам баласы Жер шарын аялап, басқа жан иелерінің қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ету сынды жауапкершілігін ұмытып, табиғатты мейлінше бүлдіруге көшті. Осының салдарынан неше түрлі жойқын апаттар орын алып, тарих парақтарына қанмен жазылған қасіреттерді таңбалап кетті.

Қажет АНДАС

Былай қарағанда, адамзатқа ауыр қасірет әкелген апаттар өмірде болатын қалыпты құбылыс болып сезілуі мүмкін. Түптеп келгенде, соның бәріне адам баласы кінәлі. Өйткені, біз өзімізді табиғаттың қожасымыз деп шексіз сеніп кеттік. Өзіміздің шөп, ағаш, жәндік, жануар, су, топырақ сияқты Жер шарын мекен еткен түрлі жан иесінің біреуі ғана екенімізді ұмыттық. Оны қазақ «Шеткі үй көшсе ортаңғы үй шет болады» деген бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған. «Көкті жұлма, көктей орыласың» деген тежеммен санамызға шегелеген.

Осыдан бірнеше жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған жылдардың алдында адамзат баласы тым әлсіз болды. Ол кезде ұлы табиғатқа алып динозаврлар мен айбатты тасбақалар, одан бертін келе сан түрлі жыртқыш аңдар қожалық етті. Қоршаған ортаға келтірген зияны көбейген тұста оларды табиғаттың өзі жер бетінен жойып жіберді. Кейін келе табиғатты қорғау міндеті адам баласының еншісіне тиді.

Адам баласы жетілген сана-сезімі, пайда мен зиянды, жақсы мен жаманды салмақтай білетін қасиеті арқылы айналасындағы жанды тірліктің бәрін бағындырды. Сан түрлі техника ойлап тауып, табиғатты өз ыңғайына бейімдеді. Жер бетінде өзіне тең келер күш қалмаған тұста байлық пен мансап үшін, мәртебе үшін бірімен-бірі қырқысатын жаман індетті санасына сіңіріп алды. Содан бастап Жер шарынан тыныштық кетті.

Ғалымдар адамзат өркениеті басталған 5 жарым мың жылдың ішінде жер бетінде 14 мың ірі соғыс болып, 4 миллиард адамның опат болғанын есептеп шығарды. Соңғы 3,5 мың жылдың 150 жылы ғана бейбіт өткен екен.

Адам баласының ындыны бұзылғаны соншалық, жиырмасыншы ғасырда екі бірдей дүние жүзілік соғысты бастан өткерді. Ұшақтар көкті тілгілеп, атом бомбалары, сынақтары жер танабын уытқа толтырды. Осы соғыстардың бәрінде бір жақ екінші жағын жеңу үшін сан түрлі жойқын құрал ойлап тапты. Түптеп келгенде азаптың бәрін Жер шары тартты, табиғат назаланды.

Физикада «Қысым артқан сайын кернеу күші де өседі» деген заңдылық бар. Бүлдіргісі бүлінген табиғат енді адам баласына өзінің ескертуін жасай бастады. Оның бірі зілзала, су тасқыны, сел мен цунами болса, енді бірі обыр шегіртке, оба кеселі, жер көшкіні ретінде көрініс тауып, тағы да басқа сипаттармен бейнеленді. Бірақ мұның өзін де біз табиғаттың бізге білдірген қарсылығы емес, әдеттегі құбылыс ретінде қабылдадық.

Біз асқазанымызға ас батпаса дәрі ішіп, оның қызметін реттеп аламыз. Әрине, біз оны дәрінің қуатынан көреміз. Негізінде дәрі тек аурудың салмағын уақытша бәсеңдететін қуатқа ие. Шын мәнінде асқазанның бұзылуын ағзамыздың ауруға қарсы элементтердің бір-біріне әсері арқылы реттейтінін ескермейміз. Бұл ақиқатты коронавирус Жер шарына таралғанда сезіндік. Демек, қанша ақылды болғанымызбен құдіретті табиғаттың алдында мыңдаған тіршілік иесінің бірі ғана екенімізді білетін кез келді.

Табиғаттың адамзатқа білдірген ескертпесі жайын сөз еткенде, арыдан тартып айтпай-ақ, тек XX ғасырда ғана жұмыр жер бетінде ірілі-ұсақты мыңға жуық апаттың тіркелгенін мысал етсек те жетер. Атап айтсақ, 1908 жылғы 29 желтоқсанда Мессина мен Реджо-ди-Калабрия қалаларында, 1920 жылы Қытайдың Ганьсу мен Шэнси аймақтарында, 1923 жылы Токио қаласында, 1950 жылы Моңғолияда, 1960 жылы Чилиде, 1976 жылы Гватемалада, дәл осы жылы Индонезияның Серирит қаласында, Түркияның Муардие шаһарында болған зілзаладан бірнеше мыңдаған адам қаза тауып, елді мекендер құлазып қалды.

2004 жылдың 26 желтоқсанында Индонезияның Суматра аралынан бастау алған зілзаланы теледидардан көріп, ақпараттан оқып, жағамызды ұстаған едік. Оның адамзат баласына әкелген қасіреті 1991 жылғы Бангладештегі тайфуннан да асып түсті. 1815 жылы Индонезиядағы Тамбора жанартауының, 1883 жылы Кракатау жанартауының атылуы да жаға ұстатар жағдайларға жеткізді.

Мұндай апат бізді де айналып өткен жоқ. Алматы қаласында 1911 жылы болған 9-10 баллдық жер сілкінісі Алатау баурайын қирандыға айналдырды. 1963 жылы Іле Алатауындағы Есік көлінде болған тасқын әлі күнге есімізден кеткен жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыста атом бомбасының қолданылуы, Чернобыль АЭС-сында болған техногендік апат, Арал теңізінің тартылып қалуы да табиғаттың өзіне жасалынған қиянатқа жасалынған ескертпесі еді. Оны да қаперімізге алған жоқпыз. Ғарыш зымырандары апаттарының да берісі қазақ жеріне, арысы ұлы табиғатқа зор зиян келтіргені белгілі.

Ғалымдардың пайымынша, 2050 жылға қарай Қытай, Үндістан, Бангладеш, Тайланд, Вьетнам, Индонезия, Жапония, Филиппин елдерінің 300 миллионнан астам адам тұратын жері су астында қалуы мүмкін. Мұздықтардың еруі қазіргідей қарқынмен жүретін болса, 2075 жылы теңіз деңгейі 2 метрге көтерілуі мүмкін. Климаттың өзгеруі және экологияның бұзылуы салдарынан мұздықтардың еруі осылай жалғаса беретін болса, 1000 жылдан кейін жер бетін толықтай су басуы да ғажап емес. Қазақ оны «Ескермеген жау жаман» деп түйіндеген. Біз осы ескертулерді дұрыс қабылдап, дер кезінде қорытынды жасауымыз керек еді. Керісінше, табиғатқа қиянатымызды бұрынғыдан да өршіте түстік. Нәтижесі қалай болды?

Бүгінде байлығы сарқылған кен орындарының орнын сумен толтыру әдетке айналды. Былғанған сол су жерасты суына қосылып жатыр. Оны тұтынған тіршілік бұзылмайды деу де қиын.

Мүмкін, қазіргі адамзаттың ғылым мен техника саласында жеткен жетістігі кемел, соған арқасында қандай да бір апаттың алдын алып, тіршілігін қамтамасыз ете алады деп ойлайтын шығарсыз. Онда қателесесіз. Бір ғана мысал – осы төрт айдың ішінде бүкіл адамзатты әбігерге салған коронавируспен күрес барысы біздің табиғаттың алдында тым әлсіз екенімізді мойындатты. Осылайша табиғаттың тылсым күші өзін қорғайды деп сенген адам баласының ашкөз пиғылына анық қарсылығын көрсетті. Бұл жағдай жеке бастың байлығы үшін өзара қырқысып келген адамзат баласының алдына табиғатты қорғау үшін үлкен күрестің басталғанынан дерек береді. Бұл күрес дәл біз өмір сүрген ғасырға тура келіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда біздің табиғатқа жасаған бірнеше мыңжылдық қиянатымызға жауап беретін мезгіл жетті.

Коронавирустың әлемге таралуының себебін сан-сақа жүгіртіп жүргендер көп. Оның бәрі адам баласының қауіп-қатердің түпкілікті себебін түсінбеуінің, қанына сіңген атаққұмарлық пен баянсыз байлыққа деген ашкөздігінің кесірі. Адамның ең асыл парызы – табиғатты қорғау екенін ескермей жүргеніміз өкінішті.

Су тасқыны неге жиі болады? Өйткені, біз аталарымыз айтып кеткен ақиқатты – «судың өз арнасынан ауып ақпайтынын» ескермедік. Соның салдарынан «суға кетіп, тал қармап» қалдық. Қисапсыз жарылыстардың кесірінен зілзала, цунами орын алды, тауды бұзып, ағаш-орманды қисапсыз бүлдіргеннен жер көшті, аспан әлемін тіліп ұшқан ұшақтар мен зымырандардың кесірінен ауа ағысы бұзылды. Ұшқан құс, жүгірген аң, жыбырлаған жәндіктерді жойып жібергеннен неше түрлі індет таралды. Қырып-жоятын радиоактивті, биологиялық қарулардың, орынсыз ыс-түтектің, уақытылы залалсыздандырылмаған қатты қалдықтардың кесірінен табиғатта жоқ микробтар ауаға таралды. Айта берсең, кете береді. Ақыр аяғында бүгінгідей ауыр халге дұшар болдық.

Жалпы, табиғат өзін-өзі реттеп отыратын үлкен күшке ие. Биыл Африканың бірнеше мемлекеті шегіртке апатынан ауыр зардап шекті. Шегіртке апаты бұрынғы жылдары да болған. Биыл олардың саны төрт жүз миллионнан асып, әкелген шығыны бұрынғы жылдардан бірнеше есе көп болды. Оның алдағы уақыттағы салдарының қалай боларын болжау қиын.

Бала күнімізде шегіртке айналамызда өріп жүретін. Бірақ апат тудырмайтын. Себебі, ол кезде табиғатта шегірткенің уытын қайтаратын өсімдіктер болатын. Қазір ол өсімдікті дәрі-дәрмек жасау үшін жұлып бітірдік. Ал адамдардың ақылпарасатымен шегіртке қарсы жасалынған дәрі-дәрмектің қуаты табиғи өсімдіктің қуатына жетпегендіктен оны жоюға дәрменсіз болып отыр.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирус індеті жарғанаттан таралған екен. Бұл шындық. Алайда, менің замандастарым мен аға буын жарғанатпен бірге өстік. Жарықта қараңғы жерлерге жасырынып, кешкі қараңғылық үйірілгенде айналамыздан суылдап ұшып өтіп жарғанаттар әлі күнге көз алдымызда. Олардың бұл вирусты сол кезде таратуға да мүмкіндігі өте мол еді. Қазір өзіміз өскен ауылдан жарғанат түгілі оның елесін де көре алмайсың. Ертеңгі күні мұндай жойқын вирустар басқа да құстар мен жәндіктерден, өсімдіктерден таралмайды деуге бола ма?..

Әрине, коронавирустың емі табылады. Десе де табиғатқа жасалған қиянат осылайша жалғаса беретін болса, одан жүз, мың, миллион есе қуатты вирустар Жер шарының басқа бір жерінен бұрқ ете қалуы әбден мүмкін. Мүмкін емес, ақиқат. Сол үшін адам баласы табиғатты тынықтыруы керек. Жер бетінен жойылып бара жатқан өсімдіктерді қайта өсіріп, бір-бірімен байлық үшін бақталаспай баянды өмір сүру үшін Жер шарын қорғаудың түрлі жолдарын қарастырғаны жөн.

Табиғатқа құрмет біздің қанымызда бар. Көкті жұлмау, жас шыбықты кеспеу, суды лайламау, қоршаған ортаны қорғау бала күнімізден санамызға сіңген ұғымымыз. Қысқасы, дүниеге келген күннен бастап ұғымырымыз таусылғанша барлық өміріміз табиғатпен біте қайнасып жатады. Бірақ кейінгі кездегі жаһандану дерті көптеген салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздан айырылуға мәжбүр етті. Мәселен, қазіргі көп келіндер нәрестені қырқына шығарғанда суға салатын қойдың қырық құмалағынан жиіркенеді.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, сәбиге қырық күн толғанда оның терісі сыртқа әлемнің тітіркендіруін қабылдай бастайды. Қырық қойдың құмалағында микробқа қарсы қырық түрлі элемент болады дейді білетіндер. Суға салатын күміс теңге, сөлкебай, тағы да басқа күмістелген заттар уытты жоятын қасиетке ие.

Апаларымыз алаботадан сабын жасайтын. Алабота ең уытты шөп. Оның денеге жұққан зиянды микроботарды өлтіретін қасиетін аталарымыз сонау ертеде сезінген.

Мұндай мысалдар өте көп. Демек, біз ата-бабаларымыздың табиғатты қорғау, оны аялау дағдыларын күнделікті тұрмысымызға қайта сіңіруіміз керек. Сонда ғана табиғатпен жарасымдылықта ұзақ өмір кешетін боламыз.

◆ЭКОЛОГИЯ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ МАРАПАТЫН ТАПСЫРДЫ

Облысқа арнайы іссапармен келген ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы ұжымымен кездесті. Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ және инспекцияның басшысы Темірлан МАМИЕВ болды.


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жануарлар әлемін қорғауды күшейту туралы тапсырма бергені, экологиялық мәселелерді жіті қадағалап, орман және жануарлар байлығын барынша қорғауды айрықша қолға алғаны белгілі. Соған орай ұтымды шаралар қолға алынып, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Тіпті, елімізде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алғаш рет жеке құрылып, маңызды салалар бойынша жұмысын бастады. Сонымен бірге, Президент министр Мағзұм Мырзағалиевті қабылдап, маңызды тапсырмалар жүктегенінен де хабардармыз.

Президент ведомство өкілдеріне тапсырма жүктеп қана қоймай, аймақтардағы экология саласының жанашырларын, орман және жануарлар әлемін қорғауға өмірін арнаған адамдарды да назардан тыс қалдырмады.

Осы жолғы кездесуде министр облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының инспекторы Леонид Сидоренкоға еліміздің табиғи мұрасын сақтау жолындағы көп жылғы мінсіз еңбегі үшін Президенттің Алғыс хатын табыс етті.

– Бәріңізге мәлім, Мемлекет басшысы жануарлар әлемін қорғауды назардан тыс қалдырмайды. Тіпті, браконьерлердің жолын кесіп, дала жануарларының еміннеркін көбеюі үшін жаңадан дайындалып жатқан Экология кодексіне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы тапсырма берді. Бәрін өз тарапынан қадағалап отыр. Әрине, бұл жұмыс жер жаннаты атанған Жетісу жерінде мықты қолға алынуы тиіс. Сіздердің араларыңызда осындай жауапты міндетті мінсіз орындап жүргендер бар. Соның бірі инспектор Леонид Сидоренконы ерекше атауға болады. Бұл кісінің еңбегін Мемлекет басшысы жоғары бағалап отыр. Негізінде, мемлекеттік марапаттар жыл соңында тапсырылушы еді. Бірақ Президенттің тапсырмасымен жануарлар төлдеп жатқан кезде браконьерлермен белсене күресетін тұлғаларға осындай наградаларды тапсыруды жөн деп шештік. Істеріңіз ілгері болсын, - деді министр.

Осыдан кейін министр Президенттің Алғыс хатын Леонид Сидеронкоға өз қолымен табыс етті. Өз кезегінде марапат иесі Президентке деген алғысын білдіріп, әріптестерінің жұмысына сәттілік тілейтінін жеткізді. Әріптестері де марапат иесіне жарыса құттықтауларын арнады. Леонид Павлович 30 жылдан бері инспекция саласында табан аудармай қызмет етіп келеді.

Айта кетейік, облыстық орман және жануарлар дүниесін қорғау аумақтық инспекциясы 1947 жылы құрылған. 1953 жылдары басталған тың игеру тұсында жұмысы біраз кенжелеп қалған инспекция тәуелсіздіктің алғашқы жылдары да өзгерістерден көз ашпады. Өткен жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылған соң ғана жұмысы ныға түскен.

Таңғаларлығы, жарты ғасырдан бері облыстық инспекцияға осы салаға жауапты бірде-бір министр аяқ ізін салмаған. Бірінші болып Мағзұм Маратұлының келгені, сондай-ақ, әріптестерінің де алғашқы болып мемлекеттік марапатқа ие болғаны ұжым ортасында жақсылыққа баланды.

Қ. ОМАРАҚЫН

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Азаматтарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бақыт ЖАҚСЫБАЕВАНЫҢ қатысуымен әлеуметтік желіде халықпен тікелей байланыс арқылы жиналыс өтті.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Облыс тұрғындарына партиялық қызмет және жұмысқа орналасу бойынша ақпарат берген Жанболат Әкебайұлы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының іске асуына 1 триллион көлемінде қаражат бөлу тапсырылғанын, бұл халық үшін жасалған үлкен көмек екенін жеткізді. Аталған бағдарлама нәтижесінде облыста 22 мың 800 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланған. Оның 1800-і тұрақты жұмысқа орналасатын болады. 10 500 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналаспақ.

– «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша облыс аумағында іске асатын 977 бағдарламаға 109,2 миллиард теңге бөлінді. Қазіргі таңда халықты жаппай жұмыспен қамту үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бес әлеуметтік бастаманың 4-бағыты бойынша өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады. Сол үшін облыс тұрғындарын толық жұмыспен қамту мақсатында осындай жиын өткізіп отырмыз. Аталған бағдарламаға бөлінетін қаражаттың оңды әрі нәтижелі игерілуі партиялық бақылау комитетінің назарында болмақ. Қазіргі таңда облыстық, қалалық, аудандық партиялық бақылау комитетінің қызметкерлері тиісті мониторинг жүргізуде,– деді Жанболат Әкебайұлы.

«Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы әлеуметтік-мәдени, инженерлік-көліктік, инфрақұрылым нысандары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және елді мекендерді абаттандыру жұмыстары бойынша іске асырылады. Аталған бағытта жұмыссыз азаматтар мәселесі оң шешімін таппақ.

Онлайн-жиналысқа қатысқан азаматтардың басым көпшілігі мемлекет тарапынан берілген 42 мың 500 теңге, «Біз біргеміз» қорының есебінен ұсынылған 50 мың теңге төңірегінде сауалдар қойды. Жұмыс ізденіп, кеңес алушыларға жауапты мамандар толық жауап берді.

◆ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ЗАМАНАУИ МАМАНДЫҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздегі заманауи мамандықтарды даярлайтын бірден-бір оқу орны, білім мен ғылымның қара шаңырағы. ҚазҰУ еліміздегі ғана емес, әлемдегі елеулі университеттердің қатарында десек те болады.

Университет құрамындағы халықаралық қатынастар факультеті ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі айларда құрылған болатын. Бүгінде факультет шеңберінде халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, аймақтану, әлемдік экономика саласының мамандары дайындалуда. Аталмыш мамандықтар халықаралық аккредиттеуден өткен.

Халықаралық салада «аймақтану» мамандығы нақты қандай да бір аймақ елдерін кешенді зерттеуге бағытталған. Аймақтану мамандығының басымдылығы белгілі бір аймақ елдерінің саяси-экономикалық, мәдени, діни, әлеуметтік, демографиялық және тағы басқа қырларының даму ерекшеліктері мен орын алған үдерістердің астарын сараптауға ерекше назар бөлетіндігінде. Сондықтан да аймақтану мамандарын даярлау бүгінгі күнгі заман талабының сұранысынан туындап отыр. Әлемдегі кез келген аймақ елдерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерін, мейлі, әртүрлі халықтар мен әртүрлі дін өкілдерінің өзара қарым-қатынастарының салдарынан туындаған мәселелеріне сараптама жасауда аймақтанушы маман өзінің жан-жақты біліктілігімен ерекшеленеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде ашылған аймақтану мамандығының бакалавр студенттері әлем аймақтарын, атап айтқанда, Батыс Еуропа, АҚШ және Канада, Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері, Таяу және Орта шығыс Азия елдері, Орталық Азия аймағы елдерін кешенді түрде зерттейді. Яғни, студенттердің таңдауы бойынша айқындалған аймақ елдеріне қатысты олардың тарихы, саяси жүйесі, сыртқы саясаты мен экономикасы, мәдениеті, ғылымы және білім беру жүйесі жөнінде дәрістер оқылады. Аймақтану мамандығында студенттердің таңдауы бойынша екі шет тілін меңгеру белгіленген. Аймақтану мамандығының бакалавр студенттері факультетімізде магистратурада және докторантурада бюджеттік негізде өздерінің білімдерін жалғастыру мүмкіншілігіне ие.

Бүгінгі күні аймақтану мамандығы бойынша білім алған түлектеріміз республиканың жас білікті мамандары ретінде жауапты қызметтерде жетекшілік рөлге де ие болуда. Олар білікті маман ретінде еліміздің ұлттық мүддесін қорғау саласында әртүрлі қызметтерді абыроймен атқаруда.

Б. БӨЖЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің доценті

◆ГАЗДАНДЫРУ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тұрғындар алдында берген есебінде өңірді газдандырудағы жетістіктермен қатар келеңсіздіктерді де жұрт назарына ұсына келіп: «2020 жылды біз Газдандыру жылы деп жариялауды шештік. Қазіргі уақытта облыстағы 144 елді мекен газдандырылып, газдандыру деңгейі 30,4%-ды құрады. Талдықорған қаласының қалаішілік желілерінің құрылысы аяқталуда, тоғыз мыңнан астам абонент газға қосылған. Биыл көгілдір отынға халықтың 56%-ы қол жеткізе алады», – деген еді.

◆АУДАН ТЫНЫСЫ

Облыстық мәслихат депутаты Серік МҰҚАНОВ арнайы іссапармен Кербұлақ ауданына келді. Мәслихат депутаты аудан әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВПЕН кездесіп, өңірдің тыныс-тіршіліктерінен хабардар болды.



ӨҢІР ТІРШІЛІГІН КӨРДІ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аудан әкімі өткен жылы атқарылған жұмыстарды әңгімелеп, биыл қолға алынған жобалармен таныстырды. Сонымен бірге Күреңбел өңірінің экономикасы жыл озған сайын қалыпты дамып келе жатқанын сөз етті. Өңірді аралау барысында Серік Мейірханұлы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобаларға назар аударды.

Айта кетейік, 2020 жылы өңірде аталған бағдарлама бойынша 53 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру көзделуде. Бұл жоспар сәтімен жүзеге асырылатын болса, 333 жұмыс орны құрылады. Ел игілігі үшін атқарылып жатқан жобаларды байқап қайтқан Серік Мейірханұлы Күреңбелдегі өркенді істерге оң көзқарас танытып, болашағы зор аудан ретінде бағалады.

Кербұлақ ауданы

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨМЕК

Қажет АНДАС

Облыс басшысы жұмыс бабымен өңірлерге шыққан кезде тұрғындардан табиғи газға қосылу құнының қымбаттығы туралы реніштердің көп айтылатынын де жасырып қалған жоқ. Бұл мәселені шешу үшін газдандыру жұмысына инвесторларды тартып, жоспарды тез әрі сапалы орындаумен қатар бәсекелестікті арттыру арқылы газға қосылу құнын төмендетудің жолдарын да көрсеткен болатын.

Осы тұста аймақ тұрғындарының табиғи газға қосылуын қамтамасыз етіп отырған бірден-бір мекеме «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның жұмысын ерекше атап кеткен жөн. Компания төтенше жағдай тұсында да барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді. Қауіп-қатердің алдын алу үшін жедел штаб құрылды және қызметкерлердің біразы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Жетісулықтардың: «Табиғи газға тезірек қосылсақ» деген тілегін орындауға тырысқан акционерлік қоғамның Жетісу өндірістік филиалының қызметкерлері төтенше жағдай кезінде карантин тәртібін сақтай отырып, облыстың қалалары мен ауылдарындағы үйлерге газ тарту жұмысын тоқтатқан жоқ.

"ҚазТрансГазАймақ" АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев кәсіпорын қашықтан жұмыс істеуге ауысқан тұста да интернет арқылы техникалық шарттарды алуға, есептегіштердің көрсеткіштерін алып тастауға және беруге, газ компаниясының қызметіне ақы төлеуге қатысты жұмыстардың үзіліссіз жүргізілгенін тілге тиек етті. Кейбір жағдайда компания қызметкерлері тұрғындарға телефон арқылы кеңес беріп, қажеттіліктерін шешіп отырды. Апаттық жағдайды болдырмау үшін арнайы бригада жасақталып, тәулік бойы кезекшілікте жұмыс атқаруда.

Бүгінде Талдықорған қаласының маңындағы елді мекендердегі жеке тұрғын үйлерді табиғи газ желісіне қосу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Дегенмен, төтенше жағдайға байланысты экономикалық жағынан қиындық көрген халықтың жағдайы бұл орайдағы жұмыстың қалыпты жүруіне кедергі келтіргені анық. Осы жағдайды ескерген «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы отбасылық жағдайы төмен, мүгедек, көпбалалы, жалғыз басты зейнеткер отбасыларға көмек қолын созып, олардың үйін газ желісіне тегін қосып беруді қолға алды. Осындай игілікті іс пен алғаусыз көмекке ризашылығын білдіріп жатқандар көп.

– Мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалына ерекше алғысымды жеткізгім келеді. Аталған компанияның аймағымызды газдандыру жұмысымен айналысатынын естіп жүрсем де олардың жағдайы төмен отбасылардың үйін газ желісіне тегін қосып беретінін басында білген жоқпын. Үйге газ қосу туралы өтінішімді телефон арқылы жеткізіп, жағдайымды айтып едім, олар жағдайымды сұрастыра келе газ желісіне тегін қосып беруге көмектесетінін жеткізді. Ертесінде компанияның қызметкерлері келіп, газ қосылатын үйдің картасын сызып кетті. Оның ертесі дәнекерлеуші жігіттер келді де үш жылдан бері армандап жүрген ісімізді үш-ақ күннің ішінде жүзеге асырды, – дейді бірінші топтағы мүгедек, Есетов көшесіндегі 1 А үй, 1 пәтердің тұрғыны Тоқтарбек Әділбеков.

– Мен тұрғындардың табиғи газға қосылу мәселесіне қолдау танытқан «ҚазТрансГаз Аймақ» басшылығына ризашылығымды білдіремін. Табиғи газға қосылып, оның игілігін көріп жатқандар қатарының көбейіп келе жатқанына қуанамын. Міне, біз де сол қатарға қосылдық. Әрқандай жұмыс батыл бағыт, жүйелі жоспар арқылы жүзеге асады. Басқа саланы айтпасам да газдандыру жұмысы облыс басшысының тікелей қадағалауымен нәтижелі жүргізілуде, – дейді Еркін ауылы, Құрманғазы көшесіндегі 17 үйдің тұрғыны, зейнеткер, «Алтын алқа» иегері Әуесхан Мажайқызы.

– «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы қызметкерлерінің жұмыстағы жауапкершілігі мен газ желісін тартумен айналысатын мамандардың шеберлігін атап айтқым келеді. Менің үйіме газ желісін тартып берген жұмысшылар барлық жұмысты сапалы жасап шықты, – дейді «Шығыс» шағынауданы, Шадрин көшесіндегі 22 үйдің тұрғыны Василий Сочинский.

Осындай алғысқа толы лебіздерін Қойшығұлов пен Хабибуев, Бегімжановтардың отбасы мүшелері де білдірді. Алдағы уақытта бұл тізімнің ұзара түсері анық.

Өндірістік филиалдың бас маманы Аслан Төлеутаев өз қаражатымен газ желісіне қосылып жатқандар қатарының да арта түскенін жеткізді. Ең бастысы, мұқтаж жандарға көмек пен қолдау көрсетіп, олардың алғысын алғаннан үлкен қуаныш жоқ шығар. Әсіресе, індет тарап, жұртты алаңдата бастаған тұста көрсетілген көмектің маңызы зор.


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

◆ РУХАНИЯТ



Мұхитқа құйған бұлақ

Бұйра бұлттың бауырынан себездеген тамшыдай жан жайлауын жадыратар мөлдір шығармалар жыл сайын әдебиет қоймасына қосылуда. Жетісу топырағынан тамыр тартқан туындылар да сәт сайын оқырман олжасына айналуда. «Жетісу балалар әдебиеті» жобасы аясында жарық көрген 3 томдық «Балаларға қазына» кітабы әдебиетсүйер қауымға жол тартты.

Облыс әкімінің қолдауымен шығарылған аталмыш қазынаның тұсаукесер рәсімі Оқушылар сарайында өтті. Қаламмен тағдыр қашаған ұлылардың мол мұрасынан тартып, бүгінгі ақын-жазушылардың руханиятқа қосып жатқан мөлдір туындылары сараланып, текті елдің тегершігі саналған әдеби қазыналардың темірқазық екені айшықталды. Тың туындының тұсаукесер рәсімін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев ашып, жүргізіп отырды.

Мөлдір туындылар топтастырылған көп томдықтың лентасын облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы, ҚР Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, бүкіләлемдік Шыңғысхан Академиясының академигі Әміре Әрін қиды. Өз кезегінде айбоз ақын руханияттың баспалдағы, ұрпақ тәрбиесінің тал бесігі, тәрбиенің ордасы іспеттес балалар әдебиеті туралы ой қозғады. Мұзафар Әлімбаев сынды бірқатар сырбаз қаламгерлердің балалар әдебиетіне көп үлес қосқанын атап, жетісулық қаламгерлердің қуаты мен екпінін, таланты мен табанды еңбегін, шығармашылығын айшықтап, ақжарма тілегін ақтарды.

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан аталмыш бәйгеге биыл жетісулық 27 ақын-жазушы мен суретшілер қатысқан. Солардың ішінде «Үздік әңгіме» аталымында Тұрлыхан Кәрімнің «Сарғайған хаттың сыры» әңгімесі, «Ертегілер» аталымында Асхат Өмірбаевтың «Үздік ертегі» әңгімесі, «Поэзия» аталымында Серік Әбікенұлының мысалдары, «Иллюстрация» аталымында Құралай Үмбетованың суреті, «Сен білесің бе?» аталымында Кенжегүл Айбергенованың туындысы үздік деп танылған болатын. Осынау туындылармен қатар байқауға қатысқан 23 автордың туындысының көп томдыққа енгенін де айта кеткен жөн.

Жас буынды парасаттылыққа, отансүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеудің басты өзегі саналар балалар әдебиетіне қосылған «Балаларға қазына» томдығы 1 мың данамен оқырманға жол тартып отыр. Ендеше, әдеби жанрды тұтас қамтыған шығармалар топтастырылған тың туынды ұрпақтың ұлы жолына бастар шырағдан болсын демекпіз.

АРДА БИ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
✓ 1 000 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ алты жылға дейін
✓ өте тез!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!



Талдықорған қ., тел. 8-708-363-5929
Алматы қ., тел. 8-708-925-7267

Назар аударыңыз!
ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
ҚАРЫЗ 1 000 000 ТГ ДЕЙІН

Талдықорған қ-сы, Н. Назарбаев даңғылы, 44 (Тәуелсіздік көшесі), 8-офис, "Отау" БО, "ГУМ" СҮ-ге қарама-қарсы.
Тел. 8-708-363-59-29, Алматы қ-сы, тел. 8-708-925-72-67.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Алакөл ауданы,Үшарал қаласының тұрғыны ДАВЛЕТОВ Алмас Аллабергенұлын мерейлі 40 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Құттықтай отырып, сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан-табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жараң мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, ансаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

40 деген көнбейтін жас құрыққа,
40 деген ұнайтын жас бар жүртқа.
Қамал алған құтты болсын жасыңыз,
Өрлей берсін өрге қарай тасыңыз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Алакөл компаниялар бірлестігі

◆ ТӘРБИЕ ДІҢІ

Қазіргі таңда балалардың көпшілігі смартфон, планшет, компьютер ойындарын ойнайды. Ата-анасының телефонына жармасқан баланың денсаулығына қаншама зиян келуде. Осындай зиянды ойыннан гөрі, баланың ақыл-ойын, қиял, тілін дамытатын ойындар ойнатқан жөн.

ОЙЫҢ ӨСЕР ОЙЫНМЕН



Жеткіншектің өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рөлді, қимылды, ұлттық ойындар ойнатуды ұсынамын. Бұл балабақшада күнделікті қолданып жүрген ойын түрлері. Үй жағдайында да бұл ойындарды ұйымдастыруға болады.

Сюжетті-рөлді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойынның ерекшелігі сол, оны балалардың өздері құрастырады. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекетіне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекетіне еліктейді.

Драматизиялық ойындарда мазмұн, рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Балалар шығармашылық ойын барысында жүгіріп ойнаумен қатар қуыршақтың көйлегін түймелейді, шашын тарайды, киіндіреді, ыдыс жуу, жинау сынды пайдалы дағдыларға үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы рөл атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары ерлік, өжеттілік, батылдыққа баулиды. «Сөқыртеке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» баланы жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелейді, ал «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірбиесін кеңейтуге, ептілік қабілеттерін жетілдіруге әсерін тигізеді.


Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқанындай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Алтынай БОЛДМҰРАТҚЫЗЫ,
«Ақтөбе» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Сарыөзек ауылы,
Кербұлақ ауданы

ФОТОЭТЮД

Сурет түсірген Бауыржан АХМЕТОВ



Егер сіз облыстық «Jetisy» газетіне құттықтау, еске алу, жарнама, мақала, хабарландыру бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Талдықорған қаласы бойынша ұялы тел.: 8 707-846-56-81, 8 747-706-13-73, 8 775-355-89-58
Алматы қаласы бойынша ұялы тел.: 8 747-688-17-41.
Электронды пошта: Jetisu2002@mail.ru Jetisu_almaty@mail.ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27,Іле және Қалшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редакторлар: Алма ЕСЕНБАЕВА, Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сатасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 847
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 27 551, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы – 17 780. Индексі – 65469.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_office@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЯСИ ДОДА

КӨКТЕМНЕН БЕРІ ЕЛ ІШІ ҒАНА ЕМЕС, ЖЕЛІ ІШІ ДЕ «КОРОНАВИРУС, КОРОНАВИРУС» ДЕП ЖАР САЛЫП ЕДІ. БІРАҚ, БҰЛ ЖАҢА СӨЗ ЕЛГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ӘКЕЛМЕДІ, КЕРІСІНШЕ ТАЛАЙДЫҢ ЖҮРЕГІН ЖАРАЛАДЫ. АЛЕНДІГІ «ПРАЙМЕРИЗ» ДЕГЕН СУ ЖАҢА СӨЗ ЕЛ ІШІНЕ ТӨНГЕН ҚАРАЛЫ КҮНДЕРДІ ҰМЫТТЫРЫП ЖІБЕРГЕНДЕЙ. ПРАЙМЕРИЗ ТУРАЛЫ АЙТЫП ШУЛАСҚАНДАРДЫҢ КЕЙБІРІ МАҒЫНАСЫН ЖЕТЕ ТҮСІНБЕСЕ ДЕ, БИЛІК ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ ДОДАСЫ ЕКЕНІНЕН ХАБАРДАР, ӘЙТЕУІР.

ПРАЙМЕРИЗ: КІМ БАРАДЫ? КІМ ҚАЛАДЫ?

Жұрт тіліне іліккен праймериз туралы қоғамда сан алуан пікір де көп. Күні кеше ғана саясаттанушы Мұхтар Сеңгірбай өлеуметтік желіде осыған қатысты пікірін жариялады. Өз ойын ашық айтқан ол «Nur Otan» партиясын сын тезіне алыпты. Оның сөзінше, *«өзге мәдениетте, басқа тарихи контекстіде, басқа мазмұнмен өтетін доданың сол елдерде қалыптасқан тарихи атауын өкеліп «совок» партияның науқанына жапсыра салу қоғамдық пікір тұрғысынан да сауатсыз әрекет болды. «Nur Otan» халықтық партия десек, партияның электораты саясаттан алыс қарапайым адамдар десек, олардың дүниетанымы Батыстан «копи-паст» жасалған түсініксіз терминді қабылдай ма? Оның мәнін түсініп, ол праймериз бен бұл «праймеризді» салыстырып жүрген адамды байқамадым»* – дейді. Қалай дегенмен, біздің қоғамда ашық ойдың да басымдығы керек-ақ... Ал енді кейбір ағайын бұл күнді асығып күткендей көрінді. Яғни, «Nur Otan» партиясы өткізетін праймеризге кім қатысып, кім бара қояр екен деп жүргенде, біраз адам тіркеліп те үлгерген. Дәл қазір қоғамда коронавируспен күрес бәсеңсіп, праймериз алашапқыны жүріп жатыр.

«Ой соған, кім барады» деп жүріп, Алматы облысында 1108 адам тіркеліпті. Оның 37 пайызы әйелдер, 25 пайызы – 35 жасқа дейінгі жастар, 9-ы көпбалалы ана, 5-еуі мүгедек жандар, қалған 11-і қандас бауырлар екен. Оның ішінде бастауыш партия ұйымдары 324 адам ұсынса, 784-і өзін-өзі ұсынушылар болып табылады.

> ***Праймериз – АҚШ саясаткерлерінен бастау алған, партия белсенділерін ашық таңдау тәсілі. Қазақ тіліндегі мағынасы «іріктеу» деген ұғымды білдіреді.***

«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының мәліметінше, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі санаты – 20, облыстық мәслихаттағы депутаттық деңгейге – 134, ал аудан-қалалық мәслихат деңгейіне 948 үміткер тіркеліпті. Жалпы, праймериз арқылы өңірде 1 мандатқа 4 үміткерден айналып отыр.

Праймериз алашапқынының дәл сіз ойлағандай әділ болмаса да, әдемі келе жатқаны белгілі. Әдемі болатыны, сырнайлатып жүрген жұртқа қарасаң, құрамында қырық түрлі кәсіптің өкілі жүр. Нақ бір ертең парламентке баратындай, әрқайсысы бір-бірден бағдарлама жасап алған. Ал енді бағдарламаларын оқысаңыз... Елдос (Т) бауырым жазғандай-ақ, сондай армандағы ҚАЗАҚСТАН мемлекетінде тұрғын келіп кетеді екен. Әрі деймін де, депутат болуға асыққандардың арасында кім жоқ дейсіз, тәйірі. Алдыңғы депутаттардан көргендері бар ғой, әйтеуір, кәдуілгідей «жапырамыз», «қатырамыз» деседі-ақ. Егер, шынымен де бұлар алға өтіп кетсе, қалай болар екен деген ой да қылаң береді санада.

Праймеризшілер қатарында қалам ұстағандар да қаптап жүр. Бұл тұрғыда әлеуметтік желіде ой қозғаған әріптесіміз:

«Праймериз тізімінде – партияның журналистерін біліп қалдық. Қатысып жатқан журналистердің ұсынған бағдарламасы да сын көтермейді. Көптің көңілінен шығады-ау деген мәселелерді жылп-теріп ұсына қойғандай әсер қалдырады. Осының өзі әріптестеріміздің жағдайды объективті бағалай алмайтынын, сыни ойлаудан ада екенін көрсетеді».

Қалам ұстағандардың қатарындағы мына мен де

БІЗДЕН ДЕ БІР ПІКІР

Әділдік болмаса...

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары:

– Праймеризшілер қатарында қалам ұстағандар қалтап жүргені рас. Мен олардың дүбірлі додаға қатысуына мүлдем қарсы емеспін, қайта қолдау танытар едім. Бұл деген партия өміріндегі өлеулі жаңалық болып отыр. Праймериз – әлемдегі демократиялық елдерде дәлелденген саяси бағыт қой. Яғни, өркениетті елдердің бәрінде осы әдіс қолданылады. Бұл партия ішіндегі белсенді, өмірлік позициясы айқын азаматтарды анықтауға көп ықпал етеді. Сондай тәжірибе, біздің елге келген екен, ендеше, неге қолдамасқа. Бірақ, бұл жерде мынадай бір дүние ескерілуі керек. Сол праймериздің қорытындысы бойынша, партия ішінде өтетін сайлауда дауыс берілген кезде әділдік қажет. Ягни, жеңімпаздардың атын алдын ала дайындап қоймай, шын мәнінде жеңімпаз атанған партия мүшелерінің есімдері кіріктірілсе дейміз. Ал әділдік болмаса, бұдан кейінгі жерде елімізге енген озық тәжірибе – праймериздің де қадірі кетіп қалады.

журналистер өріп жүр. Біраз нәрсені айтып-айтып тастауға себеп көп еді, өз бақшамызға тас лақтырғанымыз жөн болмас деп шештім. Торсаңдап өкпелеп қалатын өріптестер аз емес. Оның үстіне тіркелгеннің бәрі мәреден шаңдатып өте бермесі тағы белгілі», – депті.

Ал, бұл тұрғыда белгілі журналист Жұлдыз Әбділдә былай деді: *«Праймериз туралы өштеңе айта алмаймын, себебі оның шын мәнінде нәтижелі боларына көзім жетпейді. Ал журналистердің қатысуы дұрыс емес деп есептеймін. Журналист өшқандай саяси партия немесе ұйымның мүшесі болмауы керек. Ал мүше болса, журналистік қызметпен айналыспай-ақ қойғаны дұрыс болады. Экологиялық қозғалыс болса, бөлкім, дауласуға болар еді. Ал саяси партияға адам саяси ұстанымына бола кіреді. Ондай журналистер сол партияның органдарында істесін.*

Праймеризділ бір «пайдасы» журналистердің праймеризге қатысуын құп көрмедім. Жұлдыз айтқандай, журналист ешқандай саяси партия немесе ұйымның мүшесі болмауы керек деп есептеймін. Бірақ, праймеризге қатысып жатқан облыстық «Жетісу» газетінің журналисі Қажет Аңдас бұл оймен келіспейді.

> ***Праймериз өзге елдердің тәжірибесінде өзін-өзі дәлелдеген және сынақтан өткен ең тиімді тәсіл. Әу баста АҚШ-та, одан кейін Еуропаның бірқатар елінде қолға алынған.***

Қажеттің айтқаны қажетке жарар

«Партияға өту, өтпеу ол әр адамның жеке қалауы. Ал журналист партияның мүшесі болмауы керек дегенге түбегейлі келіспеймін. Мәселен, президент болып жатқандардың өзі кезінде журналист болған адамдар ғой. Олар партия арқылы өзінің мақсат-мұраттарын жүзеге асырды. Сол арқылы қазіргі таңда ел басқарып та келемін. Және халықаралық, қоғамдық ұйымдармен, қазіргі оппозициялық партиялардың қатарындағы адамдармен бірге экологиялық жобаларда бірге жүрмін. Бірақ, бәріміздің мақсатымыз бір болғанымен, жолымыз бөлек.

Ал енді менің праймеризге қатысудағы мақсатым – қоршаған ортадағы экологияға жасалып жатқан қиянаттарды билліктің назарына жеткізу. Қалам ұстаған журналист ретінде бұл бағытта талай жұмысты атқарып келемін. Бірақ, үнім жетпеуде.

Талдықорған қаласы бойынша қатысып отырған 64 үміткердің бірімін. Әрі қандастар арасынан қатысып отырмын. Бұл жердегі мақсат өту, яки, өтпеу емес, дей тұрғанмен, бағдарламамдағы дүниені айтып, өзімді таныстырып, көрсетуім керек. Осы күнге дейінгі атқарған шаруамды жұрт алдында жария етуім қажет қой.

Бағдарламамдағы басты тақырып осы экология: оның ішінде «Тұрмыстық қатты қалдықтармен күресу», полигондар мәселесі. Талдықорған шаһары еліміздегі ең таза қала болып есептелінгенімен, соңғы жылдарда қоқыстан көз аша алмай отыр. Ең қарапайым дүниені айтсақ, қалада қоқысты сұрыптаудың жолын білмейді. Бұдан өзге, Қаратал өзенінің жағдайы да қиындап тұр. Егер Қаратал өзені сарқылатын болса, онда Балқаш көлінің де жағдайы бүлінеді. Біздің ата-бабамыз «артыңда мал қалғанша, тал қалсын» демеп пе еді?! Ал біз не істеп жатырмыз. Сол талдың орнына мал қалсын

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_effect@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

деп жанталасудамыз. Яғни, экологиямызға зиянымызды тигізіп, табиғатты бүлдірудің шеберіне айналдық. Бабаларымыз бізге керемет табиғатты тарту етті, ал біз кейінгі ұрпаққа полигон толы қоқысты қалдырып барамыз. Бұл мәселемен бүгін күреспесек, ертең кеш болады. Мұндай мәселелердің орын алып жатуының басты себебі, заңның әлсіздігі. Мәселен, бізде жалғыз ғана экологиялық Кодекс бар. Бұл тек экологияны қорғауға бағытталған. Ал енді экологияны бүлдіруге бағытталған оннан астам заң бар. Атап айтқанда: егістік жерлер, жайылымдар, орман-тоғайлар туралы немесе кәсіпорындар ашу, тағы басқа... Бізде инвестиция тарту деген бар. Бұл менің праймеризге қатысудағы тағы бір бағдарламам болып табылады. Өз басым бұған қарсы емеспін. Бірақ, инвестиция тарту экологияны бүлдірмеу жолымен келуі тиіс. Зауыттар салынса, экологияға зияны тимейтіндей етіп салынуы керек. Біз осы мәселеге тереңнен үңіліп қарауымыз қажет. Өзің білесің, өткен жылы Қараталдағы қой соятын орын туралы үлкен дау орнықты. Мәселен, тұрғын үй орналасқан жерде 5 мың қой сойылатын зауыт салынбауы керек. Одан шығатын иістің қоршаған ортаға зияны басым. Бұл жөнінде жаздым, бірақ оған кім құлақ асты? Егер осы мәселені жоғары жаққа жеткізетін болсам, біраз дүниенің басы түзеледі деп есептеймін. Праймеризге қатысудағы негізгі ойым да осы. Журналист ретінде жазған дүниеміз халыққа ғана жетуде, жоғары жаққа жетіп жатқан жоқ», – деп ағынан жарылған Қажет әріптестің сайлауалды бағдарламасының бір тармағы «Қасиетті нысандарға» бағытталады екен. Бұл туралы да ол майын тамызып айтты, сөз арасында туризмдегі сауатсыздық жөнінде де тілге тиек етті. Айтуынша, қасиетті нысандарға барғандар, оның қасиетін сақтау емес, көтірудің жолында жүр.

«Праймеризге қатысу арқылы қандастардың бар екендігін де көрсеткім келеді» деген Қажеттің әңгімесінен көп дүниені аңғардық, бастысы, оның да өз ойлағаны бар. Әлеуметтік желідегі әріптестің: «Праймеризге барамын» десем, мені тіркеуден өткізе ме екен?» деп әзілдеп жазған жазбасын оқып күлгенмін. Ал «Досым праймеризге қатысып жатыр екен. Қай ауруханаға қаратуға болады? Бұның емі бар ма, жалғы?» деген жазбадан кейін неге екені күні бойына бүртүрлі болып жүрдім.

Шыны сол, соңғы айларда ФБ-дағы лента толы праймериз болып кетті ғой. Дүбірлі дода қатарына қосылған әріптестердің бәрі ФБ желісінде өз бағдарламасын жариялап, праймеризге қатысуға тәуекел еткенін айтып, жар салуда. Соның бірі, «Праймеризге мен де барамын, ағайын!» деп жазған журналист Мәулен Әнербаймен де тілдесіп, ойын білдік.

Мүмкіндікті мүлт жібермеу керек

«Праймеризге өзін-өзі ұсынушы ретінде қатысып отырмын. «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста» деген төмсіл бар. Сондықтан тек қана жағымсыз жайтты сөз ете бермей, іс жүзінде нақтылыққа көшкен жөн. Праймеризге қатысуымның себебі де осы.

Негізгі мақсат – ел ішіндегі мәселені жазып қана қоя салмай, сол жазғаныңнан нәтиже шығып, көтерген мәселең шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр емес пе?! Ал көп дүние басшылықтың назарына ілікпей қалып жатады. Осы аралықта дөнекер болып, халық пен билік арасында алтын көпір іспеттес болсам деймін» деген Мәуленнен «журналист ешқандай саяси партия немесе ұйымның мүшесі болмауы керек» деген пікірге көзқарасын сұрадық. Оның сөзінше, журналист – жан-жақты болуы керек. Әрі, «Nur Otan» партиясының мүшесі ретінде қолда бар мүмкіндікті мүлт жібермеу керек деп есептейді.


Праймеризділ негізгі мақсаты – партияішілік сайлауда өндіріп іс жасайтын, ел алдына шығар көшбасшыны таңдау. Батыс елдерде праймериз ашық және жабық түрде өткізіледі. Ашық түрде кез келген адам дауыс бере алса, жабық түрдегі праймеризде тек партия мүшелері ғана дауыс бере алады.

ТҮЙІН ОРНЫНА: ***Бүгінгі таңда, нақты айтсақ, 14-30 қыркүйек аралығында онлайн режимде пікірсайыс өтуде. Ары қарай не болады дейсіз ғой. Партия ішіндегі іріктеу жеңімпаздары Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың партиялық тізіміне енгізіледі. Ал іріктеуден өтпегендер, десе де айтарлықтай қолдау тапқандар партияның жаңа кадрлық резервіне кіреді деп күтілуде. Қалай дегенмен, әліптің артын бағып, соңын күтейік.***

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ІСКЕР ӘЙЕЛ БАҚЫТГҮЛ



НАРЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗ ҚАҒИДАСЫ БАР. ОЛ – КӘСІПКЕРЛІК САЛА. БҰЛ ДА КАРТАНЫҢ ОЙЫНЫ СИЯҚТЫ, АШҚАН КӘСІБІҢ ДӨҢГЕЛЕСЕ, ПАЙДАҒА ШАШ ЕТЕКТЕН КЕНЕЛЕСІҢ. КӨҢІЛІҢ ЖАЙЛАНЫП, ДҮНИЕҢ ТҮГЕЛДЕНЕДІ. ҚАЗАҚША АЙТҚАНДА ТӨРТ ҚҰБЫЛАҢ ТЕҢ.

Ал экономикалық құлдырау, доллардың бағасы шарықтап, мұнайдың құны төмендесе, дамдарыстың дауылы ұрса шағын кәсіп түрмақ мұртын балта шаппайтын ірі өндіріс орындарының өзі шаткаяқтап, үнемдеуге көшіп, жұмысшыларын қысқарта бастайды. Бұл бөлек әңгіме. Басты тақырып кәсіпкер болу. Оған аса білімдарлықтың, экономист болудың да қажеті жоқ. Мектепті үзіп-жұлып еңбек тамамдағандар да кәсіп ашып, асығы алшысынан түсіп жүргендер жайлы сан мақала оқығанбыз. «Қолы қимылдағанның ауызы қимылдайды» деген тәмсіл тура осы заманға қаратып айтылғандай. Кәсіптің көзін тапқандар, қолынан іс келетіндер бірді-бірге жамап, қанаттарын кеңге жаюда. Бармағынан бал тамғандар темірді қамырша илеп, ою-өрнек салып, терезе қоршауларынан бастап, қақпа, есік алдындағы жаппа (навес) жабдықтауда дәнекерлеушілердің айы оңынан туып тұр. Бұдан бөлек, ағаштан, тері өнімдерінен, қорғасын, күміс, жездеден көздің жауын алатын қолөнер шеберлерінің өнімдеріне сұраныс артқан. Ал, әйел қауымы ұлттық өнерді, салттық тұрмыстағы керпе-көктеу, құрақ жамау, жүн өнімдерінен сырмақ, төкемет, алаша, өрі шұлықтан бастап, киіз үй жабдықтарын жасап нарыққа шығаруда. Міне, бұл да ата-кәсіптің айқын көрінісі. Сан-салалы кәсіптің түрін сарапасақ, дайын өнімдерді алып келіп, үстіне бес-он теңгесін қосып, жеке дүкен ашып, кәсібінің несібін көріп отырғандар жайлы кеңінен әңгіме толғауға болады. Өсіресе, ауылдағы ағайындар, мал мен егістікті ұштастырып істің көзін табуда. Мақалаға арқау етіп отырған біздің кейіпкеріміз де осы кәсіптің бейнетін бір кісідей көрген жан. 1964 жылы Алматы облысы Панфилов ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген Бақытгүл Бекмырзақызы Мырзахметова сонау кеңестік жүйеде Талдықорған коопучилишесін 1981-1982 жылы тәмамдап, туған ауылындағы сауда орталығында сатушы болып еңбек еткен. Шотты «шақшұқа қаққанда саусағы саусағына тимейтін менің балдызым социализм құлап, капитализм тамыры тереңде қаупап есетінін біліп тұғандай. Колхоз тарап, дүние талан-таражға түскенде өкесі марқұм отбасыларына тиесілі жер пайын алды. Техникадан үлес тимей жалаң қолмен егістік жағалағандардың көрген күні күн болмады. Амалсыз, бала-шағалары қала жағалады. Менің балдызым да отбасымен Талдықорғанға қоныс аударды. Әуелі, көше бойында ұсақ сауда сатып, амалдап жүріп орталық базардағы дүкенге сатушы болып орнықты. Күні-түні дүкенге қонып, бала-шағасын сырттай бақылаумен болды. Үйелмелі-сүйелмелі төрт бала бұғаналары қатпай жатып, үй тірлігі мен сабағын қатар алып жүрді. Жолдасы Аман – Талдықорған, Жаркент, Қорғастан, Алматы Қырғызстанға таксилетіп адам тасыды. Айтуға оңай болғанмен, жан кешті бейнет еді. Мұндай бейнетке шыдамағандар екі қолды бір сілтеп, тағдырларына наласын айтып, торғайдай тозып кеткендері қаншама? Ал, біздің балдыз, осы бейнеттің бәріне төзіп, ағысқа қарсы жүзді. Қалада сатушы болып жүріп, ауылынан дүкен ашты. Оған қайынсіңлісін сатушы етіп, өзі екі күннің бірінде Талдықорған мен Жаркент арасындағы Үшарал ауылына тауар тасумен болды. Тиыннан теңге құраған, өрі азық-түліктің қайсы тез өтімді әрі сұранысқа ие екенін жетік білген Бақытгүл Бекмырзақызының еңбегі еш кетпеді. Ауылдағы сауда-сы деңгелеп, кәсібі алға басқанда қаладағы бозторғайдың ұясындай үйін сатып, туған ауылына қайта көшті. Туған жері «мысыр шаһары» қарасу бойына үй салды. Үй салғанда мол салды. Саудасының арқасында ата-анасы мал бақпан «Жаңабаз» бөлімшесіне баратын қара жол бойынан екі қабатты үлкен үй салып, қосымша тағы да дүкен, есік алдына, кішігірім той-томалақ өткізетін арнаулы орын ашты. Жол бойында ары-бері өткендер, келген алып, қыз ұзатушылар біздің балдыздың дүкенімен тойханасынан шығайтын болды. Тәулікте 24 сағатында бір жабылмаған сауда үйімен шағын ғана тойханасының арқасында кәсіптерін үлгайтқан Аман мен Бақытгүл бүгінде шаруашылықпен де айналысуда. Мал басын көбейтіп, ірі қара өсірумен айналысқан кәсіпкер, мал жайылымы мен шабындық және егістік жерлерді жалға алып отырғандарын айтуда. Аудандағы іскер әйелдер мүшесі Бақытгүл балдызымның да өз айтары бар.

– Ауылда жұмыс жоқ емес, бар. Бірақ, үйлестіруші жоқ. «Жастарды жұмыспен қамту керек» дейді. Ал, жұмыссыздарын жұмыспен қамту орталығына тіркейді. Үш айлық қайтадан оқыту курстарына жіберіп жатады. Кәбі, кәшке тазалау, ағаш түбін ақтау, яғни, маусымдық жұмыстар атқарады. Одан тапқан 40-50 мың теңге не болады. Күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы шарықтап барады. Ал, жұмыссыздың алған 40-50 мыңы қай жыртығын жамайды. Сондықтан аймақтарда шикі өнім бар. Ол малдың терісі, жүні, егер ауылды жерлерде жеңіл өнеркәсіп орындарын ашып, заманнауи технологиямен жабдықтаса, жастарды қолдаудың шарасы сол болар еді. Кезінде кеңестік жүйе тұсында малдың мүйізіне дейін қажетке жаратты. Ал, қазір қазағы қойдың жүнін ешкім алмайды. Іріп-шіріп далада жатыр. Қазақстанның байлығы керші Қырғызстанды он орайды. Олардың жеңіл өнеркәсіп орындары кеңестік дәуірден бері ұзаққа жұмыс жасап келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде «Біздің шұлық шығаратын өндіріс орны жоқ» дегенді ашына айтқаны бар. Рас қой. Аграрлық салада малдың өнімдерін өңдеуден кемде қалдық. Олардың қызығын көрші Қытай көріп, енім өндіріп өзімізге кері сатуда. Егер, кішігірім жіп иіретін шағын зауыт ашылса, ауыл әйелдері үшін тігін цехы жұмыс жасаса, болмаса киіз зауыты қайта қолға алынса, тарт түліктің өзінен әлем енім өндіруге болады. Ауылдықтар ет, сүт, қаймақ, ірімшік өндіреміз, оны базарға шығарып болар болмас тиын-тебенге сатамыз. Осыны тікелей өндіріс орындарымен үйлестіріп, ортадағы сатып алушы делдалдарға тосқауыл қойылса, ауыл халқының ахуалы ажарлана түсер еді. Жастарды еңбекке баулуды мектептен бастау керек. Мектептегі еңбек сабағын ұлғайтпай дала да, қала да, онбайды. Ескіні аңсаған емес өткен дәуірде мектептегі еңбек сабағында оқыдық. Тіпті мектепті бітіргенде трактор, машина жүргізетін маман болып шыққандар бар. Нарықтың сұранысына орай, неге мектептерде тері илеу, оны өңдеу, жүн түту, киіз басу, қайыстан камшы ору, кесте тоқу, сырмақ сыру, өрі оны саудалай білуді неге үйретпеске? Мен іскер әйелдер мүшесі ретінде әлеуметтік аз қамтылған және мүгедек жандардың жанұяларында жиі боламын. Оларға мемлекет тарапынан қамқорлық жасалып та жатыр. Кәсіпкерлер де қолғабыс созуда. Алайда, түйіні шешілмеген түйткіл бар. Мәселен, мүгедектер бірінші, екінші, үшінші топқа бөлінеді. Осылардың бір жыл сайын ВТЕК-тен өткізу бір машақат. Олар ВТЕК-тен өткенге дейін өздері тіркеуде тұратын жерлегі жердегі емханаларда ем-домын алып тұрады. Кейде екінші топтағы мүгедекті үшінші топқа түсіріп, үшінші топтағы мүгедекті жұмысқа жарамды деп мүгедектігін жойып жатады. Ал, олар бұған қанағаттанбайды. Бұл қаншалықты дағдарды. Бір рет мүгедек деп танылған соң, олардың жыл сайын ВТЕК-тен өткізудің не қажеті бар. Мәселен, өндіріс орнынан жарақат алып, азаяң, не қолы шолақ, болып қалды делік. Осындай мүгедектерді неге жыл сайын тексерістен өткізу керек. Оған қол немесе аяқ есіп кетпейді ғой. Тағы бір мәселе, комкорпыстық жасап жүргем, яғни, бала бағушылардың жалақысы мардымсыз. Жалпы, әлеуметтік аз қамтылғандар мен мүгедек жандарды бастапқымен жұмыспен қамту бүгінгі қоғамдағы күрделі мәселе. Бұл, даланың ғана емес қала халқының да көкейкесті мәселесі – дейді біздің балдыз!

Айтақын МҰХАМАДИ

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_office@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРАЙМЕРИЗ

ҚАСТЕРЛІ ЕЛДІГІМІЗДІ САҚТАП, ҚАСИЕТТІ ЖЕРІМІЗДІ ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАНШАМА ҰЛЫ СТРАТЕГИЯ ЖАСАЛЫП, ТАКТИКАЛАРДЫҢ БЕКІТІЛГЕНІН БҮК ТҮСІП ЖАТҚАН МАҢ ДАЛА БАУЫРЫНА ЖАСЫРҒАНЫМЕН, СОЛ ИГІЛІКТЕН ІЗГІЛІК ТАБУ БҮГІНГІ БІЗДІҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ БОЛМАҚ. ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ ҚҰРУДЫҢ БАСТЫ ЖОЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ САУАТТЫЛЫҒЫ. ӘСІРЕСЕ, БҰЛ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРАУШЫ ҰЛТ ҮШІН ӨТЕ ҚАЖЕТТІ ФАКТОР. ДЕМЕК, БІЗ ГЕОСАЯСИ ӘЛЕМНЕН БӨЛЕКТЕНЕ АЛМАЙТЫНЫМЫЗ СИЯҚТЫ БҮГІНГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫ ЕЛДЕРДІҢ ЕҢ ОЗЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ҚАБЫЛДАП, ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕМДЕГІ БЕДЕЛІН ӨСІРІП, ЕЛ ИГІЛІГІН АСЫРУДЫҢ ЖОЛЫН ҚАРАСТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК.



ҚАЖЕТПІН БЕ, ҚАЖЕТ ЕМЕСПІН БЕ?

Осы тұрғыда, «Nur Otan» партиясының праймериз арқылы білікті, сауатты, халықшыл кадрлар қосынын жасақтап, мемлекеттің ендігі даму бағытын жетілдіруге бел байлағаны құптарлық іс.

Осыдан бір ғасырдың алдында Алаш зиялылары «Оян, қазақ» дегенді ұран етіп көтерді. Олар «Оян, қазақ» дегенде бақан ұстап жауға шап деген жоқ. Бүгінде Жүсіпбек Аймауытовтың «Оян, қазақ» деген кітабының бір парағын парақтап көрмегендер, «Оян қазақ» деп еліне білдіргісі келеді. Сол бабалар халқымызды автономиялы ел болу, сауаттылықты өсіріп, сол тұстағы өркениетті елдердің өресіне жеткен мемлекет құру сияқты оянудың керектігін айтқан болатын. Алайда, олар армандаған дүниелер біздің буынның маңдайына бақ болып қонды. Тәуелсіз Қазақстан деген қара шаңырақтың уығын тіктесіп келеміз.

Менің түсінігімде халық саяси сауатты болуы керек. Сонда ғана елде бастау алған барлық бастаманы баянды етудің байыпты жолын тануға болады. Ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, алға басу мен кері кетуді әр уақыт байыптап отырған жөн-ақ. Мүмкін сіз бен біздің саяси ұстанымымыз ұқсамайтын шығар. Бірақ мақсатымыз біреу – тәуелсіздіктің тұғырлы болуы үшін барымызды бәске тігу. Қысқасы, Қазақ елінің тәуелсіздігін баянды ететін қандай жол болса, сонымен жүруге дайынмын. Адамға ауа мен су қандай керек болса, тәуелсіздік маған да сондай қастерлі.

Саясат – екі жүзді қылыш сияқты. Қате қимылдасаң қиып түсіреді. Тағы да бір жағынан, саясат – мақтадан да жұмсақ зат. Денеңді жылытады. Сондықтан жастардың ел өркениеті жайлы өзекті істерге қашанда саяси салмақтылықпен баға беретін парасатын қалыптастыру керек. Сонда ғана оларды арандап қалудан аулақ ұстауға болады.

Қазақ ұлты қашаннан дархан даланың пейіліне бөленген періште пейіл халық қой. Өткенімізді сараласақ, көңілге көндік, өмірге азық беретін талай шұғылалы тарихымыздың болғанына мақтануға тиістіміз. Өкінішке орай, өмірдің сан түрлі соқпағы, ел болу жолындағы ерен күрестер, ұлт ретінде сақталып қалу үшін жасалған ұмтылыстардың көпшілігі көзеңінде көптеген асыл қазынамыздан ажырап қалдық. Тәубе, тәуелсіздікпен бірге өшкеніміз жанып, ұмытылған дүниелеріміз қайта оралып жатыр. Ең бастысы, әлем өркениетіне шам-шырақ болған қаншама тұлғаларымыздың мол мұрасы қайта оралып, жанымызды жадыратып, рухымызды сергітіп жатқаны біздің маңдайымызға жазылған бақ болып тұр. Сол бабалардың парасатты еңбектері мұнан кейінгі ұрпақтың санасын өлдилей беретіні белгілі. Бірақ ол үшін әлі де тынымсыз еңбектену керек.

Отбасы құндылығы қоғамның да, ел өркениетінің де күретамыры. «Жақсы әке жаман ұлға қырық жыл азық болады» дегендей, ата-ананың асыл қасиетін ардақтаған бала ертең елдің мақтанышына айналса, алмағайып күн туса жанын аямайтынына сенімдімін. Сондықтан қазақ отбасындағы ата-ана және бала арасындағы ізгілік пен игілікті істерді қолдау менің басты ұстанымым.

Әлемде өзінің қастерлі тарихын тасқа қашап жазғандардың бірі - қазақ халқы. Оған жартас бетіндегі мол жазбаларымыз куә. Сол халықтың перзенті болғаныма мақтанамын. Өкініштісі, кешегі руна, найман, соғды жазуларымен түркі, қыпшақ, шағатай тілдерінде жазылған парасаттылардың көп дүниесі үркін-қорқын жылдары жоғалып, бізге жетпей қалды. Сондықтан бұл тұрғыда түгендейтін дүниеміз, жазатын, жазылатын жайларымыз өте көп. Мен де, біраз жылдың шамасында азырақ дүние жасағаныма риза боламын. Өрине, ол тәуелсіздіктің арқасы.

Қазіргі қазақ жастарының бәрі ақын болғысы келеді. Болма демеймін. Өрине, арман болғаны жақсы. Бірақ азамат болудың жолы сан түрлі. Бүгінгі дәуір ғылым мен білімнің бәсекелескен дәуірі. Егер осы бәсекеде ұпайы түгел болғандар өз келешегін сақтап қалады да, шырылдауық шегіртке сияқты не бағары, не мақсаты жоқтар ұзаққа бармайды. Қазақта: «Көре көре көсем болады» дейді. Бірақ біздің көп жас болған көп себеп бар. Бірақ ол сылтау бола алмайды. Біз ең даланы тұлпардың тұяғымен таптаған елдің ұрпағымыз ғой. Қасқырша жортатын мінезіміздің айырылудың жөні жоқ.

Әкем үнемі: «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат»,- деп ескертіп отыратын. Расында өмірде істеген еңбегіңнің бағаланғанына не жетсін. Ол сені шабыттандырады, жетілдіреді. Бірақ, маралаттың әділ берілгені жақсы. Кейде қоғамда елеулі еңбек етіп, үлесін бұлдамайтын, нағыз елжанды, еңбекқор, талапты жандардың еңбегі еленбей жататыны көңілді жабырқатады. Сондықтан марапат тағайындауда ашықтық, әділдік, теңдік тұрғысындағы өз ұсынысымды енгізсем деп жиі ойлаймын. Егер дәрменім жетсе.

Экология, қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруі, ауаның жылынуы, азық-түліктің тапшылығы бүгінгі дүниенің бас ауруына айналды. Біз осыған дейін әліміз жеткенше табиғатқа ойымызға келген үстемдігімізді жүргізіп келдік. Биылғы індет адам баласының табиғаттың алдына қауқарсыз екенін анық байқатты. Алдағы уақытта мұнан да қиын жауаптар қайтаруы мүмкін. Сондықтан адам баласы күрделіленген экологиялық мәселелерді шешпесе, өзінің өмір сүру не сүрмеу мәселесін табиғат шешіп қоюы мүмкін. Бұл қатер жайлы аз айтпадық, мен де, тіпті, осы күнге дейін қанаттасып жұмыс атқарған халықаралық қауымдастық, қоғамдық топтардағы әріптестерім де айтудай-ақ айтып, ескертіп келеміз. Бірақ, елең еткен адам жоқ десем өтірік болар, батыл шаралардың қолданып жатқанын қазірше анық көре алған жоқпыз. «Айта, айта Алтайды, Жамал апам қартайдының» өзі болды. Өрине, осы күресте мақсатымыз бір болса да, жолымыз басқа бір болса да, жолымыз басқа әріптестерімнің көбі экологиялық қатерлердің қаупін халықтың пікірі арқылы шешкісі келеді. Бірақ, көп жағдайда халықтың пікірі жетуге тиісті жеріне жетпей жатады. Ал мен халықтың үнін биліктің күшімен шешуге тырысқым келеді. Ең басты бағдарламам да осы. «Әлін білмеген әлектің» ісіме ол жағына қазірше нақты жауап бере алмаймын. Егер сіз қолдасаңыз Жер шарының бүтіндігін қорғау жолындағы жансебіл үмітке жан кіретін шығар.

Жалпы, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу – ол экономика, ол қаржы, ол экологияны қорғау. Әлемде өңдейтін қалдық таба алмай отырған елдер бар. Біздегі жағдай басқа. Тілті, қалдық туралы мәдениетте жоқ дерлік. Менің ойлайтыным да - осы мәселенің түйінін табуға ұмтылу. «Әрбір қазақстандық жылына бір көшет егіп, оны күтіп-баптаса жасаған ортасын жайқалтып қоймастан, ұрпағына да өнеге болар дәстүр қалыптастырар еді» деген ұстанымды өмірлік бағдарламам етіп келемін.

Бұрынғылар «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деуші еді. Мен «Ел, боламын десең, оқулығыңды түзе» дейтін ұстанымдағы адаммын. Өз басым 1996 жылы «Қазақстан» басылымынан шыққан жұқалтаң ғана «Қазақтың байырғы қара есептері» деген кітапты қолымнан тастамаймын. Авторы Сәбетбай Елубаев туралы да көп білмеймін. Бірақ мен оның осы бір жұқалтаң кітабын қазақ баласына тән нағыз қазақша оқулық дер едім. Тіпті, осы кітапта қазақ тарихындағы 30 математиктің баяны берілген. Біздің тарихымызда қандай дана адамдар болған. Мектеп бағдарламасындағы математика оқулықтарында олардың есімі аталмайды. Өзге жұрттың ақылмандары тұнып тұр. Оларды алып таста демеймін. Басқасын қойшы, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің еңбегін еңгізуге болар еді. Биология, физика, химия саласы туралы айтып, сөзді созбайын. Ол жақтағы да барымыз бағаланбай жүр. Бүгінгі дәуір ғылым мен техниканың заманы. Ғылым адамдарын, әсіресе, өзіміздің ғалымдарын құрметтеуді, насихаттауды көбейткен жөн.

Баяғыда Асан деген бабамыз жер әлемді шарлап Жерұйық мекенді іздеген екен. Ойлап қарасам, сол бабамыздың іздеген мекеніне бүгін біз тәуелсіздіктің туын тіктік. 2017 жылы Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы жарияланған соң қолға алынған «Қазақстанның қасиетті жерлері» атты жоба аясында елімізде қыруар жұмыс жасалды. Өкініштісі, қазіргі күнде өлкетанушыларға нақты баға берілмей келеді. Менің ойымша, өлкетанушы – төрт түліктің қамы үшін қыс қыстау, жаз жайлауда иен даланы еркін аралап жүрген малшыдар, арқасына мылтық асынған аңшылар, білегіне қармағын ілген балықшылар, жал басында жалпиып отырғанмен өлкенің өткені туралы жадына жаттап алғаны көп ақсақалдар, тағысын тағы ен даланың ойы мен қырын бес саусағындай білетін адамдар. Сол қаралайым жандардың білетінді мен білігін қолдағым келеді.

Тағы бір жағынан, «Қазақстанның қасиетті жерлерін» бағдарламасы басталып, ескерілмей келген талай қасиетті жерлеріміз анықталып, ел бара бастап еді. Оның иесі табылып, жекеменшіктенетіндер табыла бастады. Бұған дейін жекеменшікке өтіп кетіп, көне қорымдардың үстіне үй салып, көне қаланың орны елістікке айналып кеткендері қаншама? Жалпы, қасиетті деп танылған нысандар мемлекет меншігіне өтіп, қатаң қорғауға алынуы және туризмнің қайнарына айналдыру керек деген ұстанымдамын. Ол үшін беріне жауап беретін заң керек.

Біз тарихымызды тасқа жазып қалдырған халықтың ұрпағымыз. Өкініштісі орай үркін-қорқын жылдар біздің сол асыл мұрамызды өркениеттің кешінен сырып тастады. Несін жасырайын, қымызыңды неміс, көкпарды қырғыз, қазы-қартаңды жапондар өншілеп, қызығын көріп жүр. Тағы да қанша дүниеміздің басқаның қанжығасында жүргенін көкірегі оянған жандар айтып келеді. Мен де сол қатардамын.

Қысқасы, тарихын танымаған ұлт тамырсыз ағашпен тең. Біз тарихымызды таныту арқылы өзіміздің ұлы империялардың, ұлы парасаттардың иегері екенімізді дәлелдей аламыз. Сол арқылы мемлекеттігімізді, тәуелсіздігімізді баянды етеміз.

Праймеризге қатысты бір кездесуде сайлаушылардың бірі:

– Көпбалалы аналарға қандай жәрдем көрсетесіз, – деген сұрақ қойды.

Мен:

– Көпбалалы анаға емес, көпбалалы отбасының балаларына көмек көрсеткім келеді, – деп жауап бердім.

Өйткені мен де көпбалалы отбасынан шыққан адаммын. Бір отбасындағы сегіз баланың екіншісі едім. Бала күнімізден сан түрлі қиындықтан бетпе-бет келдік. Бірақ содан қажырлылықты, тазалықты, адамгершілікті, ізгілікті, қысқасы, адам бойында бар ізгі қасиеттерді үйренуге, бірімізбірімізге үйретуге Үлкеніміздің киімін кішіміз ауыстырып киіп, бір күпше нанды бөліп жеп, түлкі құрсақ болып жүрсек те, аштығымызды білдірмей өстік. Сол қиындықтың көбін аналарымыз тартса да, мүлде білдірмей өтті. Өкінішке орай, бойымызда тасқындаған жігер, алға ұмтылуға құштар күш-қайрат болса да, кейбір қиындықтың себебінен қоғамнан шеткері қалып, қолдау таппай кеткен кездеріміз болды. Қазіргі көпбалалы отбасылардың балаларынан да өзім бастан өткерген дүниелерді көріп қаламын. Осыған дейін сондай отбасының қанша баласына оқуға түсу, жұмыс табу, мамандық игеру, бизнес бастау туралы көрсеткен көмегімді айтпай-ақ қояйын. Әкем үнемі: «Біреуге істеген жақсылығыңды жұртқа, жолдасыңның мейін басқаларға айтпа», – деп отырушы еді. Сол тәрбиемен келемін. Бұдан кейін де қолдан келер көмегім болса сондай жандарға жәрдем көрсетуді шамам жеткенше жалғастырамын. Баспана әперіп, байытып тастаймын деп уәде етпеймін. Себебі қалтам жұқалтаң адаммын. Бірақ, рухани, моральдық тұрғыда бай адаммын.

Әкем үнемі: «Пышақты алдымен өз денеңе салып көр, ауырмаса, басқаға сал», – деп бізді ізгілікке, адамгершілікке, ақылдылыққа жетелеп, аярлық пен көрсоқырлық, жалақорлық пен жаман қылықтан аластатып отыратын. Сондай-ақ, «Өрттің алды жақсы» деп әр қандай жаңа дүние болса соған кіріспі, өзімізді сынап көруге бағыттайтын. Праймеризге қатысу – мен үшін атақ-дүу емес. Өтпей қалсам да өкінбеймін. Бір дауыс жинасам сол менің жетістігім. Қайта осы бір саяси додада азаматтық үнімді білдіріп, өзімнің Атажұртқа оралғалы істеген жұмысымнан есеп беру және не істей алатынымды көрсету. Әділжан Ғұмаров өзілдеп айтатындай: «Қажетпін бе, Қажет емеспін бе?» соны сынап көру.

Қажет АНДАС,
журналист.

◆РУХАНИЯТ

Бабалардың ерлігі мен өрлігі қашанда қазақтың қалам ұстаған перзентінің шығармашылығына арқау болып келген. Тұлғатанудың ең басты алғышартын кешегі классик жазушылар мен адуынды ақындар қалады. Сондықтан да олардың ойлы туындыларының дені Алаштың аяулы перзенттеріне арналды. Бүгінде сол үдеріс жалғасын табуда. Жетісу жерін билеген Абылайдың тікелей ұрпағы саналған Тезек төренің 200 жылдығы мен оның ұлы, репрессия құрбаны Құдиярхан Тезековтің 170 жылдығына арналған облыстық жазба ақындар мүшәйрасы біз сөз еткен толғамның топшысы десек те болатындай.



ЖЫР АРҚАУЫ – ҚОС ТҰЛҒА

Иә, заманында бір өлкенің тізгінін қолында ұстаған, өнерге жанашырлық танытып, өрендеріне айқын жол нұсқаған, Абылайдай даңқты ханның сара жолын жалғаған Тезек төренің есімі ел есінде, тарих қатпарында бедерленіп қалды. Әділдігімен әйгілі болған ол төрелігімен тектілік тұғырынан тақ сайлады. Оның белбаласы Құдиярхан да өз заманында ұлтын сүйгені үшін қысым көрген тұлға еді. Осынау қос тұлғаның тағдырын, ерлігі мен өрлігін, өнегелі өмір тарихын облысымыздағы ақындар жырға арқау етті.

Мүшәйраның қорытынды салтанаты С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында өтті. Рухани шара барысында алғашқы болып сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров ұлылардың есімін ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған байқаудың мәні мен мазмұнына тоқталды. Өз кезегінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиасқар Сарыбаев, облыс әкімі аппараты талдау бөлімінің басшысы Бағдат Ақылбеков сөз алып, ұлы тұлғаларға арналған жыр додасында бағы жанған ақындарға құтты болсын айтып, «Тезек Төре» қорындағы бабалар ұрпағы мен зиялы қауымға алғысын жеткізді.

Облыстық жыр бәйгесінде қазылар алқасының төрағасы міндетін атқарған көрнекті ақын, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Jetisý» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым байқауға келіп түскен жырлардың көркемдігіне, мазмұны мен тереңдігіне шолу жасап өтті. 24 ақынның арнау өлеңдері мен поэмаларының арасында көркемдігі келісті емес, жеңіл жазылған жырлар да кездескенін атаусыз қалдырмады. Алайда сын садағына ілікпес нағыз көркем шығармалар да жазылғанын, сол туындылар топ жарғанын жеткізді.

Үмітін үкілеп қос тұлғаға жыр арнаған облысымыздың түкпір-түкпіріндегі 8 ақын ынталандыру сыйлығына ие болды. Өз кезегінде күреңбелдік 3 шайыр «Көрермендер көзайымы» аталымы бойынша марапатталды. Ал Кербұлақ ауданы атынан аламанға қосылған Азамат Ақылбеков жүлделі III орын иегері деп танылса, II орын қапшағайлық Берік Байыловқа бұйырды. Ақындар аламанында өзінің сырлы туындысымен Нұрлан Әбдібеков топ жарып, жүлделі I орын иегері деп танылды. Шара соңында жүлделі үштіктен төбе көрсеткен қаламгерлер бәйгелі туындыларын мөлдірете оқыды.

Айта кетерлігі, мүшәйраға қатысқан ақындардың туындылары келер жылы жинақ болып жарық көреді деп күтілуде.

АРДА БИ

Құттықтаймыз!



Көксу ауданы, Бақтыбай ауылының тұрғыны **Асия Ахметқызы ГЕМАДИЕВАНЫ** 1 желтоқсан туған күнімен құттықтаймыз! Сізге мықты денсаулық, ғұмырлы жас, бала-шаға, немереле-ріңіздің және туған-туыстарыңыздың ортасында аман-есен қуаныштарына ортақтасып жүре беріңіз.

Бақ қонсын басыңызға таусылмайтын,
Өзендей өмір болсын сарқылмайтын.
Аспаның айлы түндей ашық болып,
Жүзіңнен нұр кетпесін жарқылдайтын.

Жүз жасап қуанышқа кенеле бер,
Көбейсін немерелер, шөберелер.
Бақытты ана, әз әже атанғайсың,
Ұрпағыңмен мың жасап, көгере бер.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: анасы, бауырлары мен келіндері, сіңлісі, қыздары, немерелері.

Егер сіз облыстық «Jetisý» газетіне құттықтау, еске алу, жарнама, мақала, хабарландыру бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Талдықорған: 8 (7282) 40-20-69,
Ұялы тел.: 8 707-846-56-81,
8 747-706-13-73.
Алматы: 8 (727) 279-13-37, ұялы тел.: 8 747-688-17-41.
Электронды пошта: Jetisu2002@mail.ru
Jetisu_almaty@mail.ru

◆МҮШӘЙРА

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЛАНДЫ

«Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі Панфилов аудандық филиалының қызметкерлері және Жастар кеңесінің мүшелері бірлесе отырып «Тәуелсіздік – Мәңгілік Елдің тұрағы» атты жас ақындар мүшәйрасын өткізді.



Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізген ақындар байқауының марапаттау салтанаты Жаркент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте өтті. Жас ақындар мүшәйрасының аудандық іріктеу кезеңінде Абай атындағы орта мектептің жас маманы Ұлдана Бегімбекова I орын иегері деп танылды. Өз кезегінде Кішішығаң орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Талғат Әлімжанов II орын, Айдарлы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Әсел Алиева III орын иегері деп танылды. Басқа қатысушылар белсенділік танытқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Панфилов аудандық кәсіподақ филиалының төрағасы М. Тұрлыбеков марапаттарды табыстап, жыр жазатын жас ұстаздарға жақсы тілегін білдірді.

Жалынды жыр жазып, жас ақындар мүшәйрасында топ жарған ақын ережеге сәйкес облыстық байқауға жолдама алды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

◆ТАНЫМ

ШОҚАН БҰЛАҒЫ

Әр адам үшін туған өлкесінің тарихын білу – парыз. Бұл тарих ғалым Шоқан Уәлихановқа қатысты болса, оның маңызы тіпті арта түспек.

Осы жерден тарихқа сәл шегініс жасайық. Ресейдің қазақ жерін отарлауы 1731 жылдан жедел жүре бастады. Арқа, Алтай, Тарбағатай өлкесі, Жетісу 1850 жылға дейін түгелімен Ресей билігіне өтті. Ресей енді назарын Орта Азияға бұра бастады. Ресейге өзі жаулап алған жерлерде әскери әрі әкімшілік шараларды алаңсыз әрі табанды түрде жүргізіп отыруы үшін тұрақты жұмыс істейтін байланыс жолы керек болды. Осы мақсатта 1831 жылдан 1856 жылға дейін Семей мен Верный (Алматы) аралығында 34 байланыс бекеті салынды. Бекеттердің арақашықтығы 35-40 шақырым шамасында болды. Бекетте Сібір казак корпусының 10-15 жауынгері бір жыл көлемінде қызмет етті. Олардың міндеті Семей мен Алматы аралығында сапарға шыққан орыс шенеуніктері мен әскери қызметкерлерді бекеттен бекетке жылдамдатып және тоқтаусыз жеткізіп отыру болды.

Әр бекетте казарма, қонакүй, атқора, басқа да шаруашылық нысандары орналасты. Қапал мен Алматы (Верный) арасындағы 12 бекеттің бесеуі қазіргі Кербұлақ ауданы аумағында орналасқан жер – Терісақкан, Алтынемел, Қоянкөз, Қарашоқы, Шоқан бекеттері арқылы алғаш рет 1856 жылы мамыр айының басында полковник Хоментовский Ыстықкөл экспедициясына қатысу мақсатымен өтеді. Көксу мен Шеңгелді бекеттері арасындағы далада қызғалдақтың жайқала өсіп тұрғанын, кей жерлерде бұл көріністің алаулаған отқа ұқсағанын жазады.

Қарашоқы бекетінен түнделетіп өтіп бара жатқан Шоқанға арбакеш осы бекеттен оңтүстікке қарай бес шақырым жерде қалыптас алатын жер бар екенін жеткізеді. Жаңа қазылып алынған кезде ол өте жұмсақ, сол себепті одан түрлі мүсіндер, ыдыстар, оқ құятын қалып, бейіт басына қоятын тас, тағы басқа да заттар жасауға болатынын жеткізеді. Түн мезгілі болғаны себепті Шоқанның қанша қызықса да бұл жерге баруға мүмкіндігі болмайды. Ыстықкөл сапарынан қайтқанда Шоқан Верный мен Қапал арасындағы бекеттер арқылы өтеді. Іле бекетіне жақын жерде орналасқан Қапшағай шатқалына барып, ежелгі адамдардың жартастарға салған суреттерін қағазға түсіріп алады. Қазір бұл жартастар Қапшағай су қоймасының астында қалды. Бекетке келе салысымен тарантасқа тың аттарды шегіп, Шеңгелді бекетіне келеді. Ол төңіректен ортағасырлық қалашықтың қирандысын көріп, бұл жерден кәріз құбырының бір құлашын өзімен бірге ала кетеді. Сол 1856 жылы ол Қапалдан шығып Көксу бекетіне келеді. Одан әрі Үйгентас, Қорғас, Сүйдін арқылы Құлжаға барады. Құлжада орыс консулдығында үш ай қызмет етеді. 1858 жылы ол саудагер-көпес Әлімбайдың атын жамылып, әйгілі Қашқар сапарына аттанады. Қапалдан Алтынемел бекетіне келіп, Матай тауындағы жақсының асуы арқылы асып, Ілеге жетіп, ары қарай Қашқарияға өтеді.

Осы сапар барысында Шоқан тоқтап, су ішті деген бұлақ бүгінгі күні "Шоқан бұлағы" аталады. Бұл бұлақ Басши ауылдық округі аймағында орналасқан. Ал, Шоқанның біздің өңірге келесі келуі 1864 жылғы полковник Черняевтің жаулаушы экспедициясына қатысуына байланысты болды. Ресей империясы сол жылы Орта Азияны жаулап алу мақсатында Верныйда экспедициялық корпус жасақтайды. Оған бүкіл Ресейден әскери мамандар жұмылдырылды.

Шоқан да әскери маман ретінде осы шараға шақырылады. Шоқан әскерилердің жергілікті халыққа көрсеткен озбырлығына қарсылық ретінде әрі денсаулығына байланысты сол жылдың 10 маусымында кері оралады. Көп кешікпей Шаңқанайда отырған Тезек төре ауылына келеді. Ауруының асқынуына байланысты Қапалға барып, емделіп қайтады. Осы жерде Тезек төренің қарындасы Айсараға үйленіп, қыстап қалады. 1865 жылы сәуір айында қайтыс болады. Сүйегі қазіргі Шоқан ауылынан оңтүстікке қарай 4-5 шақырым жерде орналасқан Көшен тоғаны деген жердегі төрелер қорымына қойылады. Кейіннен Жетісу өлкесін басқарып жүрген генерал Колпаковский Шоқан бейітінің басына ақ мәрмәрдан тас орнатады. Ал, 1958 жылы сол жерге граниттен биік ескерткіш қойылып, бүйіріне Шоқанның барельефі орын тебеді. Қазіргі таңда Шоқан ауылында ғалымның музей-үйі жұмыс істеп тұр.

Міне, Шоқанның біздің өңірде қалдырған ізі осындай.

Гүлзана СЕРГЕБАЕВА,
Қарашоқы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі
Кербұлақ ауданы

◆ӨНЕГЕ

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде мұғалімдердің еңбегі зор. Осы салада жұмыс істеп, ғасыр жасаған ұстаздарымыз саусақпен санарлық. Солардың қатарында Анна Шевелева есімді ұлағатты жан бар.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҰСТАЗ

Талдықорған қаласының тұрғыны жүз жасқа толды. Мерейтой иесін құттықтау үшін облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәлс Төлепбергенов, төраға орынбасары Болат Тұрысбеков, педагогикалық еңбек ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары Мықтыбек Рахымбек арнайы үйіне барып, хал-жағдайымен танысты.

Алакөл ауданының тумасы Анна Тимофейқызы еңбек жолын білім беру мекемесінде мұғалім болып бастап, түрлі лауазымда ұстаздық қызметті абыроймен атқарды. Еңбегі еленіп, аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі марапаттарды иеленген. Ұлағатты ұстаз екі қызды тәрбиелеп, олардан 4 немере, 5 шөбере көрген. Бүгінгі күні абыз ананың қыздары мен немерелері ізін жалғап, ұстаздық жолда аянбай еңбек етіп келеді.

Кейуананы құттықтаған кәсіподақ өкілдері жылы лебіздерін білдіріп, бағалы сыйлықтарын табыс етті. Әжей де өз кезегінде ғұмырының мәнді де мағыналы шақтарын айтып, көрсетіліп жатқан құрметке алғысын білдірді. Еңбегін елеп ғасырлық мерекесімен құттықтаған азаматтарға ақ батасын да берді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Еңлік АРЫҚБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1221
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 27 495, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 17 738. Индексі – 65469.

№50
(3736)
24
11.12.2020
www.qazaqadebieti.kz
qazaqadebiety@gmail.com
БҰЗАУТІС
Қамшыгер – Еркін ЖАППАСҰЛЫ

СУСАРҚАННЫҢ ӨТІРІК ӘҢГІМЕЛЕРІ

Оның есімін ешкім нақты білмейді. Ауылдастары әңгімелеріне қарап Сусарқан атап кеткен. Оған өзі де риза сияқты. Сусарқан деген сайын жаны кіріп, өңі нұрлана түсетін. Осы күнге дейін әлдекімнің сөзіне сенбесек: «Сусарқанша желіп кеттің ғой», – деп кекетіп аламыз.
Сусарқанның жүріс-тұрысынан, тіпті, күлкісінен де өтіріктің иісі шығып тұратын. Ең қызығы, ол адам жиналған жерге жоламайтын. Өйткені қорқатын. Оның тәтті өмірін де, ынтымақты отбасын да солар бүлдірген. Бір әке, бір шешеден туған сегіз баладан жалғыз өзінің жаны қалды. Аралтөбе ауылын жалмаған оба мен алапат өрттен аман-есен қалған бауырларын саясат дауылы қынадай қырды. Бірін жалған жаламен жазықсыз атты, бірін орайын тауып аспаққа асты, енді бірінің артынан түрі адам, түрпаты айуан тектес ауыл иттерін айтақтап жүріп елден безділіп, құсамен өлтірді. Солардан тірі қалғаны Сусарқан ғана. Егер жынды кейпіне еніп, өзін-өзі ақымақ етіп көрсетпегенде ол да құрбан болар еді...
Ол өмірде болған адам. Қытайдың Іле аймағы Күнес ауданында XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрді. Өтіріктері ел ішінде әлі күнге аңыз боп айтылып жүр. Бірде әкем: «Осы Сусарқанның өтіріктерін жазып қойшы, керегі болар», – деген соң, біразын хатқа түсіргем. Соның бір парасын сіздерге ұсынайын.

Кажет АНДАС



Жолбарыс аулау

Бір жолы көрші ауылдағы Шаяхмет екеуміз Шолуты тауынан аң қарауға аттандық. Астымда Топай көктің жарап тұрған кезі, – деп бастады әңгімесін. Топай көгі де мың болғыр жануар еді. Қамшымен төпелеп жатса да аяғын кібіртіктеп әзер басатын. Бірақ Топай көктің шабандығы оған желдей есіп жүргендей сезілетін.

Шолутыға жеткен соң Шаяхмет маған:

– Сен сайды құлдап елік, тауешкіні үркітіп қу, мен жотада отырып ата беремін, – деді. Мен мақұл болып, сайды құлдап жүре бердім. Алдымнан қалың бұта-бүрген қаптаған ағашты алаңқай кездесті. Ол жерде өнебойы шұбарала аң жатыр. Шілденің шіліңгір ыстығына маужырап ұйықтап кеткен екен. Ұйқысын бұзбайын деп бір ойладым да, көңіліме тағы бір қулық кіре қалды. Білдірмей барып, үстіне қарғып мініп. Шырт ұйқыда жатқан аң шошып оянды да, жан ұшырып жүгіре жөнелді. Жоталап қашады, қабырғалай жүгіреді. Мені үстінен түсірмек болып, барын салып көрді. Әлгі жотада тұрып ататын Шаяхметтің өзі қашып жүр. Оған да жан керек екен, қай бұрышқа тығылып қалғанын білмей қалдым. Дегенмен, көңілім жұмсақ адаммын ғой. Ататын мергенім аулақ кетіп, астымдағы аңның әбден берекесі қашқанын көрген соң жаным ашып, жолай кездескен бір ағашқа секіріп шықтым да қалып қойдым.

Қауіп сейілген соң Шаяхмет пайда бола кетті:

– Алла, Сусеке-ау, амансың ба? – деп қапсыра құшақтай алды.

– Не жетті, ей, – деп аңтарылдым.

– Сусеке-ау, байқамадың ба? Манағы жолбарыс емес пе? – деп жағасын ұстайды. Егер мені жолбарыс жұтып қойса сол көрінбеген күйінде қарасын батыратын түрі бар. Бірақ, жұрт содан былай бұл сайды «Сусарқан жолбарыс соққан сай» деп атап кетті, – деп тоқтады.

«Сусарқанның іші гүрілдесе...»

– Жайлау, шіркін, жанның рақаты ғой, – деп бастады Сусекең әңгімесін, – Балақтарыңды шаңға малып жүрген сендер не білесіңдер? Тай шаптыру, құнан жарыс, бәйге, көкпар тарту, қыдырып қымыз ішу, сал-серілік, қайсы бірін айтып бітесің. Бір жылы жайлауда малды өріске жіберіп қойып, қыдырып қымыз ішіп жүргенбіз. Қатар-қатар тігілген қалың ақбоз үйдің біреуіне сау етіп кіріп келдік. Үй иесі де молқор адам екен. Барын алдымызға салып, жағалата қымыз ұсынып әлектеніп жүр. Бір уақытта ішіме қымыз жақпай қалды ма? Ішегім түйіп, ішім бұрап, гүр ете қалды. Аяқ астынан не болғанын білмей қалдық. Далада елдер шулап кетті. Сыртқа шықсақ, көрші үйдегі әйел, бала-шаға бір-бір шөміш көтеріп:

«Сүт көп, көмір аз», – деп шуласып жүр. «Бұларың не қылық?» – деп сұрасам, – Сусеке, естімедіңіз бе? Күн күркіреді ғой. Биыл жаз бойы жаңбыр бір тамған жоқ. Жер кеуіп барады. Міне, бүгін күн күркіреді. Енді, жаңбыр жауатын шығар деп соған шөміш қағып, тілеу тілеп жатқанымыз ғой, – дейді жамырап.

– Ой, ол күннің емес, менің ішімнің күркіregені ғой, – дедім қысылып.

– Бәсе, аспанда теңгедей бұлт жоқ, бұнысы қалай болғаны деп едік, – десіп бәрі тарап кетті.

«Сусарқанның іші гүрілдесе, жайлаудағы ел шөміш қағыпты» деген тәмсіл содан қалған еді.

Алқаш қошқар

Бір жылы ауылдық үкімет көктеулікке қора-қопсысымен екі бөлмелі үй тұрғызып, нәсілді қошқарларды сонда бағуды тапсырды. Көктеулік ауылдан алыста орналасқан. Оның үстіне маңында ағын су жоқ болатын. Басында көлікпен су тасып беріп жүрдім. Бірақ суға қанбаған қошқарлар жатып алып орнынан тұрмайтынды шығарды. Сосын тау сағасындағы өзенге суғаруға апарып едім. Оған жақын отырған қойшы ауылдың қойларына жүгіріп, әбден шұрқанды шығарады.

Ол кезде аракідік арақ ішіп қоятынмын. Бір күні шөлден кенезесі кеуіп тұрған бір қошқардың аузына арақтан азырақ тамызып едім шөлі қанып, сергіп шыға келді. Содан бастап күнде қошқарлардың аузына азырақ арақ тамызып қоямын да, жайланып жата беретін болдым.

Сондай күндердің бірінде ауылдың мал дәрігері қошқарлардың ұрығын алып, облыс орталығындағы зертханаға әкетті. Арада бір жеті өткенде аймақтың басшылары бар, газеттің тілшілері бар, бір топ адам сау етіп келе қалды. Басында бірдеңе бүлдіріп қойдым ба деп алаңдап едім. Сөйтсем, мен баққан қошқарлардың ұрығы әлемде бұған дейін болмаған жаңа сорт болып тұрақтасыпты. Басшылар істің жайын түсіндіріп, тілшілер жанымды қоймай сұрақтың астына алды:

– Сіз қошқарларға қандай азықтық беріп, қай өзеннің суымен суғардыңыз?

– Арақпен суғарып едім, – дедім ұялып.

Ертесі облыстық газетте: «Қошқарларды арақпен суғарған Сусарқанның тәжірибелері» деген көлемді мақала жарияланды. Кейін естісем Австралия деген жердегі қойшылар қошқарларын арақпен суғарады екен.

Аққу басты, ат денелі

Бір жылы Өрікті аралдағы Баталбектің үйіне қонаққа бардым. Тамақ ішіліп, әңгіменің қызығында отырып, түн жарымы болғанын білмей қалдық. Ұйықтайтын уақыт болып, атымды арқандап қояйын деп далаға шықтым.

Баталбек үйдің өзен жақ тұсында қазық бар деген соң солай беттедім. Түн қараңғы болғандықтан айналада ешнәрсе көрінбейді. Сипалап жүріп, қазықты таптым да атты арқандап, ұйықтап қалдым.

Таңертең тұрсам, арқандаған жерімде атым көрінбейді. Ары-бері іздеп жүріп, Күнес өзенінің бойында тұрған атты көзім шалды. Жанына барсам, ат пен бір аққу қосақталып жүр екен. Түнде қазық деп арқанды байлағаным аққудың мойны екен. Аққуды босатып қоя бердім де атты алып қайттым.

Келесі жылы сол маңнан біреулер аққу басты, ат денелі ғажайып мақұлықты көргенін айтып жүрді.

Сталиннің ұшағы

Қыс мезгілі болатын. Күнес өзеніне мұз қатып, мұзды ойып, ат суғарып жүретінбіз. Бір күні мұзды балтамен ойып жатқанымда мұз жарылып, суға түстім де кеттім. Ағынды су ағыза жөнелді. Астым су, үстім мұз. Күннің көзі көрінбейді. Ағып келемін, ағып келемін. Жан-жағымды қарманып шығатын жарық іздеймін. Қанша күн аққанымды білмеймін, бір уақытта жылтыраған жарық көрінді. Жанталасып соған қарай жүзе жөнелдім. Бақытыма мұздың жарығы кездесіп, жер бетіне шықтым-ау. Есім ауып қалған екен. Бір есінеп жіберіп, көзімді ашсам, анадай жерде бір тіқұшақ су құйып алуға түсіп, мұзға қатып, шыға алмай жатыр екен. Белімдегі қайыс белдігімнің бір ұшын ұшаққа байлап, ырғап-ырғап тартып қалып едім ұшақ ұша жөнелді. Мен салақтап бірге ұшып келемін. Көп уақыт ұшты. Бір кезде төмен қарасам, көк атым Күнес өзенінің бойында жайылып жүр екен. Пышағымды алып, белдікті қиып жібердім. Төмен қарай ұшып отырып көк аттың үстіне келіп бір-ақ түстім.

Үйге келсем, ауыл біткен абыр-сабыр, мен суға ағып өлді деп көне шекпенімді арулап көміп, жетілік нәзірімді беруге дайындалып жатыр екен. Өлгені тіріліп келгендей қуанды. Кенже інім мойнына орала түсті:

– Сіздің нәзіріңізді бермекке елді шақырып қойып едік, енді қайттық, – деп дағдарды.

– Халқымызда «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген сөз бар. «Кебенек кигеннің нәзірі» деп өткізе беріңдер, – дедім.

Нәзірге көп ел жиналды. Оған Сәбеттің Сталин деген бастығы да келді. Мен құтқарған соның ұшағы екен. Әсілінде, мен Күнес өзенінен мұзға түсіп кеткеннен Балқаш көлінен бір-ақ шығыппын. Оның ұшағы Үрімжіге бара жатып Балқаш көлінен су құйып алмақшы болып қонғанда мұзға қатып, маған кез болыпты. Маған алғысын білдіріп, кеудеме жарқыратып медаль тағып кетті.

Көк дөнен шыққан терек

бір күні кешке қарай көк дөненді түсап қоя бердім де ұйқыға кеттім. Таңертең ояна келсем, күнде жайылып жүретін жерінде көк дөненім көрінбейді. Ары жүгірдім, бері жүгірдім. «Ат жершіл келеді» деп үлкендер айтушы еді. Кенсудағы нағашыларым берген болатын, сол жаққа кетіп қалған шығар деп ойлап қоямын. Сөйтіп, жүргенде көршіміз Мамила кездесе қалып:

– Түнде осы арадан қасқыр ұлып шығып еді, – деп тіпті шошытты.

– Қайран көк дөненім, қайсы қасқырдың



апанында ішек-қарның шашылып жатыр екенсің, – деп зарлап келе жатқанымда көк дөненнің кісінеген үні естілді. Жан-жағыма қарасам, көрінбейді. Төбеме қарасам, байқұс көк дөнен қасқырдан қорқып, терекке шығып кеткен екен. Аяғы тұсаулы болған соң түсе алмай тұрыпты. Тұсауын шешіп едім, қар жерге түсті.

Кейін елдер сол теректі «Көк дөнен шыққан терек» деп атап кетті.

Ұшатын оқ

Әскердегі кезім. Маған әскери аттарды бағу, баптау, соғысқа даярлау міндеті тапсырылған. Жау әскері өзеннің арғы бетінде, біздің қол бергі бетте төкетіресте тұрған кез. Бір күні әскери аттарды жайылымға жіберіп, өзім сәл мызғып кеткен екенмін. Аяқ астынан тарс-тұрс, шаңқ-шұңқ мылтық дауысынан ояна келсем, жау әскері оқ боратып басып келе жатыр екен. Сасып қалдым. Қолға түссем, өлім күтіп тұрғаны анық. Ақыл таппай абдырап тұрғанымда дәл желке тұсымнан бір оқ зуылдап ұшып келе жатыр екен. Ойланып тұратын уақыт жоқ. Оқтың желкесінен шап беріп ұстадым да қарғып міндім. Жарықтықтың жайлысын-ай, зуылдап ұшқан беті өзеннің арғы бетіндегі партизандар арасына жетіп барды. Бірнеше серігім мені күтіп тұр екен. Оқтың үстінен жұлып алды. Оқ сол ұшқан беті үлкен қарағайды құлата барып тоқтады.

Редакторлар кеңесінің төрағасы Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

Бас редактордың міндетін атқарушы – Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР
Жауапты хатшы – Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ
Редакция меңгерушісі – Еркін ЖАППАСҰЛЫ
Art-редактор – Марат СӨБДІКЕН
Компьютер орталығының жетекшісі – Данияр ҚАБА
Тілшілер – Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА, Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН, Батырхан СӨРСЕНХАН
Корректор – Динар БОРАНБЕККЫЗЫ
Терімші – Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Кезекші редактор Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
Телефон: 8 (727) 272-88-17 (қабылдау бөлімі), 261-59-84 (факс), 272-81-09, 272-81-10 (бөлімдер), 272-59-27 (компьютер орталығы).
E-mail: Kazakh_adebiety@mail.ru qazaqadebiety@gmail.com
Мекен-жайымыз: 050009. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2008 жылғы 11 ақпанда №8982– Г куәлігі берілген.

Газет «Алматы– Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

Индекс 65353. Таралымы 14 770. Тапсырыс 895.